

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ
УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 8, 81-2

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС


**Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-
грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістері**

«7М01701 - Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Әсет Алтынай Серікбайқызы

Қаскелең, 2022

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ


«7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған:



Әсет Алтынай Серікбайқызы

Ғылыми жетекші:



ф.ғ.д., профессор М.С.Жолшаева

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін _____

Кафедра меңгерушісі

PhD, ассистент профессор

А.Ногайбаева

« 04 » 06 20 22 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Әсет Алтынай Серікбайқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістері»

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген №093-05/946-1 « 26 » 01 20 21 ж.

Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «1» маусым 2022ж.

Тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:

Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістері берілген сабақтарда ғылыми негізде терең меңгеруге, тілді қатысымдық тұрғыдан әртүрлі заманауи әдістермен игеруге, сауатты сөйлеуге, жазуға машықтандырады. Білім алушылардың кейс стади жұмысында алынған тапсырмалар үйренушінің танымын, пәнге деген қызығушылығын, логикалық ойлау жүйесін танытады. Сондықтан біз қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістері арасында деңгейлеп оқытуды таңдап алдық. себебі әдістемеге эксперимент барысында жас ерекшелігіне мән бергенді дұрыс таптық.

Ұсынылатын әдебиеттер: Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, А.М. Бершадский, И.В. Кревский, В.С. Мирсеитова, А.Н. Тихоновтардың еңбегі.

Қазақстандық ғалымдардан З.Бейсембаева, Б.Кұлмағамбетова, Ф.Оразбаева, С.Байжуманова, Н.Оралбаева, Ә.Жүнісбек, М.Қожамбердиеваның еңбектері қаралды.

Тапсырмалар бекітілген мерзім « 21 » 10 20 21 ж.

Ғылыми жетекші:



М.С.Жолшаева

Магистрант:



А.С.Әсет

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістері»

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 78 бет, 7 сурет, 9 кесте, зерттеу барысында 51 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: етістік, аналитика, формант, әдіс, технология, стратегия, сынып, қазақ тілі, әдістеме, жаттығулар, тапсырма, стратегия.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық формаларының зерттелуі қарастырылды. Соның негізінде аналитикалық формалы етістіктердің басқа тілдік құбылыстардан ерекшелігі мен ұқсастықтары ажыратылды, аналитикалық формаларды жасауда көсемше тұлғаларының ерекшеліктері айқындалды және оны жасаудағы көмекші етістіктердің рөлі көрсетілді.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын меңгертудегі кездесетін қиындықтарды анықтау арқылы, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылды. Ол екі бағытта айқындалды. Аналитикалық формалы етістіктерді ажырата алу; аналитикалық формалы етістіктердің мағыналық жағынан дұрыс түсіну және ажырата алу. Осыған байланысты тұтастай алғанда, екі мәселені практикалық тұрғыдан игертудегі тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылды.

Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде берілген тапсырмалардың шығармашылық және практикалық жаттығулар, ситуациялық жағдайлар білім алушылардың жаңа деңгейге көтерілуіне, кейс тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауына, ЕАФ-тарын жетік меңгеруіне, жалпы морфологиялық аядағы білімдері дамып, қалыптасуларына зор ықпал ететіндігі туралы түйін жасалды.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: «Методы обучения семантико-грамматическим особенностям аналитических форм глагола в казахском языке»

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (глав), заключения и списка использованной литературы

Объем диссертационной работы: 78 страницы, 7 рисунков, 9 таблиц, в ходе исследования рассмотрено 51 литературы.

Ключевые слова: глагол, аналитика, формант, метод, технология, стратегия, класс, казахский язык, методика, упражнения, задание, стратегия.

Первая часть диссертационной работы посвящена изучению аналитических форм глаголов в казахском языке. На этой основе выделяются отличия и сходства глаголов аналитической формы от других языковых явлений, выявляются особенности ведущих в создании аналитических форм и показывается роль вспомогательных глаголов в ее создании.

Во второй части диссертационной работы рассматриваются наиболее эффективные методы обучения путем выявления трудностей, возникающих при изучении аналитических форм глаголов в казахском языке. Он определяется в двух направлениях. Уметь различать глаголы аналитической формы; понимать и различать семантически правильные глаголы аналитической формы. В связи с этим в целом были предложены эффективные методы практической разработки двух вопросов.

В заключительной части диссертационной работы изложены творческие и практические упражнения, ситуационные ситуации, которые оказывают большое влияние на развитие и формирование знаний в общем морфологическом поле, на высокий уровень выполнения учащимися кейсовых заданий, на овладение ЕАФ.

ANNOTATION

The topic of the dissertation: «methods of teaching semantic and grammatical features of analytical verb forms in the Kazakh language»

The structure of the work: the research work consists of an introduction, two chapters (chapters), a conclusion and a list of references

The volume of the dissertation work: 78 pages, 7 figures, 9 tables, 51 references were considered during the research.

Keywords: verb, analytics, formant, method, technology, strategy, class, Kazakh language, methodology, exercises, task, strategy.

In the first part of the dissertation is devoted to the study of analytical forms of verbs in the Kazakh language. On this basis, the differences and similarities of the verbs of the analytical form from other linguistic phenomena are highlighted, the features of the leading ones in the creation of analytical forms are revealed, and the role of auxiliary verbs in its creation is shown.

The second part of the dissertation work, the most effective teaching methods are considered by identifying the difficulties that arise when studying the analytical forms of verbs in the Kazakh language. It is defined in two directions. Be able to distinguish between verbs of the analytical form; understand and distinguish between semantically regular verbs of the analytical form. In this regard, in general, effective methods for the practical development of two questions were proposed.

The final part of the dissertation contains creative and practical exercises, situational situations that have a great impact on the development and formation of knowledge in the general morphological field, on the high level of students ' performance of case tasks, on mastering the EAF.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	7
1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
1.1 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының зерттелу.....	10
1.2 Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың басқа тілдік құбылыстардан ерекшелігі мен ұқсастығы.....	19
1.3 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын жасауда көсемше тұлғаларының ерекшеліктері.....	22
1.4 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын жасаудағы көмекші етістіктердің рөлі.....	30
2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫН МЕНҒЕРТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	
2.1 Етістіктің аналитикалық формаларын менгертудегі өзекті мәселелері.....	33
2.2 Етістіктің аналитикалық формаларын басқа тілдік құбылыстардан ажыратуды менгертудегі тиімді әдіс-тәсілдер.....	47
2.3 Етістіктің аналитикалық формаларының мағыналарын ажыратуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	60
ҚОРЫТЫНДЫ.....	73
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	75

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ тіл білімінде аналитикалық формаларға арналған жеке еңбек 1970 жылдарға дейін болған жоқ. Бірақ бұл аналитикалық формаларға байланысты тіл фактілері мүлдем зерттелмегендіктен деген ұғымды бермейді. Қазақ тіл білімінде алғаш рет көмекші етістіктерді, олар арқылы жасалатын күрделі етістіктерді арнайы зерттеген профессор Қ.Жұбанов екені айтылған еді.

Қ.Жұбанов «отыр, жатыр, тұр, жүр» көмекші етістіктерінің ерекшеліктерін көрсете отырып, олардың күрделі форма жасаудағы қызметін ашып көрсетеді. Сол кездегі бүкіл түркологияда бұл көмекші етістіктің осы шақтың күрделі формаларын жасайтынын бірінші болып дәлелдеген болатын [1, б. 36].

«Профессор Қ.Жұбанов қазақ тілінде күрделі көмекші етістік барын атап, оған мысал ретінде «көбейіп келе жатыр», «күшейіп бара жатыр» – дегендегі «келе жатыр», «бара жатыр» деген бірліктердің күрделі көмекші етістік екенін айтқан еді» [1, б. 37]. Осы тақырыпты семантикалық және грамматикалық тұрғыдағы ерекшелігімен қарастыра отырып, тіл біліміне, нақтырақ айтқанда, әдістемелік тіл біліміне аталған тақырыпты оқыту үлгісін жасамақпыз. Оқытудың тиімді үлгілерін сараптап, жобалап, ең тиімді деген әдістемелік жиынтық жасалды.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Диссертациялық жұмыс барысында қарастырылатын қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытуды ұйымдастыру мәселесі қазіргі кездегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

2011-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы білім берудің мақсаты – терең білімді, біліктілігі мен дағдысы бар, шешім негізінде еркін бағдарланған, шешім қабылдауға қабілетті, жоғары интеллектуалдық деңгейі бар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру [2, б. 7].

Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сәйкес, қазақ тілін оқытуды дамытуға ықпал ететін оқу үдерісін ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын іздеу арқылы жүзеге асыру нәтижесінде біз тек жоғары білімді ғана емес, сонымен қатар бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Әдістемелік нұсқаулықтарда «жастарды даярлауда ізгілендіру және демократияландыру жағдайында жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, білім беру жүйесінің жаңа жолдары мен әдістерін табуға қабілетті, білімді, іскер, жаңашыл, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай тұлғаны қалыптастыра алатын әдістемені жасау талап етіледі [3, б. 88]» – делінеді.

Осы талапқа сай, қазақ тілін оқыту барысында қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістемелік жиынтығын жасау мақсаты біздің диссертациялық жұмысымыздың өзектілігі саналады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну.

Аталған мақсатқа және ғылыми болжамға сәйкес мынадай **диссертациялық жұмыстың міндеттерін** шешу көзделеді:

- қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларына қатысты зерттеулерге талдау жасау;
- қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының басқа тіл бірліктерімен ұқсатығы мен айырмашылығын көрсету;
- қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттарының мағыналары мен құрылымын қарастыру;
- білімді тиімді меңгеруге, бір-бірімен жақсы қарым-қатынасқа, сыни ойлауға және мәселелерді шешу дағдыларын дарытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді жүйелеу;
- кейс-стади, деңгейлеп оқыту технологияларын саралау;
- қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқыту әдістерін қолданудың тиімді жолдарын анықтап, әдістемесін ұсыну.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарында «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәніне сәйкес келетін аналитикалық формалы етістіктердің семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну.

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздері. Зерттеу барысында озық идеяларды, оқытудың жаңа технологиялары туралы жинақталған тәжірибені, психологияның, педагогиканың, лингвистиканың білім берудегі соңғы жетістіктерін, ғылыми-әдістемелік зерттеулерді және оқулықтар мен оқу құралдарындағы білім беру технологияларының теориялық-практикалық принциптері негізге алынды.

Шетелдік ғалымдардың оқыту сипаты мен сипаттамаларын анықтау саласындағы тәжірибесі жұмысқа тартылады. Атап айтқанда, А.М. Бершадский, И.В. Кревский, В.С. Мирсеитова, А.Н. Тихоновтардың еңбегі.

Ал қазақстандық ғалымдардан Н.Оралбаева, М.Оразов, Ы.Маманов, А.Әлімов, А.Жаңабекова, Б.Құлмағамбетова, А.Алтаева, М.Қожамбердиеваның еңбектері басты назарға алынды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Білім алушылардың коммуникативтік, тілдік құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік еңбектерді теориялық тұрғыдан өзіндік деңгейде толықтырады. Практикалық жағынан қазақ тілін оқытуға және дипломдық жұмыс жазатын ізденушілерге, магистрлік жұмысты орындаушыларға, осы саладағы мамандар пайдалана алады.

Қазақ тілін меңгерумен байланысты жүйеленген әдістемелік кешен білім алушылардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыра отырып, бейіндік бағыттағы білім беру жүйесін әдістемелік жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Диссертация жұмысында мектепте білім алушыларға арналған қазақ тілін оқыту технологиясын сабақта қолдану үшін ақпараттық технологиялар, әдістемелік құралдар мен топтамаларды талдау, саралау, жүйелеу, анализ, синтез әдісі, жаттығу әдісі, эксперимент, сараптау әдістері қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы ретінде:

- Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі көрсетілді;

- Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары сабағында жаңа оқыту технологиялары жүйеленді;

- Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары анықталды;

- Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының семантика-грамматикалық ерекшеліктерін оқытуда деңгейлеп оқыту әдістерін қолданудың жиынтық әдістемесі ұсынылды.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым: диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 2-ғылыми мақалада көрініс тапты.

1. «Қазақ тілінде етістіктің аналитикалық форманттарын оқытуды зерттеудің тарихына шолу»

С 940 IX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Филологиялық ғылымдар) «SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURE» / құраст.: Е.Ешім, Е.Абиев - Нұр-Сұлтан, 2021 - I том, - 119 б.
ISBN 978-601-332-271-1

2. «Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарын оқыту аспектілері»

Қ18 Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»: халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция / жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайынов. - Нұр-Сұлтан: Еуразия гуманитарлық институты, 2021. – 450б.
ISBN 978-601-08-1612-1

Жұмыстың құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеде, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫН МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

1.1 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының зерттелуі

«Тюркологияда аналитизм проблемасы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелерге жатады. Бұл аналитизмнің түркі тілдерінің грамматикалық құрылысынан алатын орнына да, зерттелу дәрежесіне де байланысты [4, б. 6]. Осы күрделі мәселенің тілдің грамматикалық құрылысына байланысты болатын себебі – бұл грамматикалық құрылысы жағынан кең орын алатын өте өнімді тәсіл десе болады».

«Аналитикалық формалы сөзде грамматикалық мағына сөздің дыбыстық құрамынан тыс тұратын тілдік элемент арқылы беріледі. Сөздің дыбыстық құрамына енбей, оған тіркесу арқылы грамматикалық мағынаны үстейтін элементтер – көмекші сөздер болып табылады. Сөздің синтетикалық формасын жасаушы элементтен аналитикалық форма жасаушы элементті ажырату үшін бұл атауды – аналитикалық формант деп атайды».

«Түркітануда күрделі сөзге қатысты пікір айтқан және арнайы зерттеу нысаны еткен еңбектерде күрделі сөздер құрылымдық және жасалу тәсіліне қатысты ғана сөз болып келді. Бұл орайда Н.К. Дмитриев, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, А.А.Юлдашев, Ә.Қайдар, Ғ.Садуақасов [5, б. 17] сынды түркітанушылар, сонымен қатар қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов, Ы.Мамановтар 1930 жылдардың өзінде-ақ күрделі сөздер құрылымы жағынан қанша сөзден біріксе де, тұтас бір ғана мағынаны білдіретінін, бір ғана заттың атауы болатынын атай келіп, күрделі сөздердің қалыптасу жолдары мен олардың түрлеріне тоқталғандығын атай кетуге болады.»

«Қазақ тіл білімінде күрделі сөз мәселесін арнайы сөз етіп, оған ерекше мән беріп, оның табиғатын зерттеп жүрген Н.Оралбаева, В.А.Исенғалиева, Б.Қасым, т.б. еңбектері айрықша аталады. Күрделі сөз жайында пікір білдірген Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, К.Аханов, Н.Оралбаева, Ж.Шәкенов [6, б. 32] сынды зерттеушілердің көзқарастарында, пікірлерінде айтарлықтай алшақтық болмағанмен, күрделі сөздерді жіктеуде, терминдік аталымында айырмашылықтар бар».

«Қазақ тілінде көп уақытқа дейін күрделі етістік етістіктің аналитикалық форманттары ретінде зерттеліп келді. А.Юлдашев мұның ХІХ ғасырдағы О.Бетлинг еңбектерінен [7, б. 32] басталғанын көрсетсе (1965), көпшілік тюрколог ғалымдар аналитикалық етістіктерді күрделі етістік санап қана қоймай, олардың вид, рай, шақ категорияларының көрсеткіші екенін көрсетеді. Мұнымен қоса, күрделі етістікті грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіш ретінде тану тюркологияда кең тараған құбылыс».

Күрделі етістіктерді арнайы зерттеп, олардың сөз тіркестерімен, тұрақты сөз тіркестерімен, аналитикалық формалы етістіктермен өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратуда Б.Қасым еңбегінің («Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етісттер» докт.дисс.автореф., 1992) [7, б. 41] маңызы зор десе болады.

Ы.Мамановтың күрделі етістік ұғымына аналитикалық формалы етістіктерді де жатқызғаны мәлім [8, б. 12]. Бұл тұжырым жоғарыда аталған кеңес ғалымдарына пікіріне саяды.

Алайда, ғалым тұжырымының ерекшелігі - етістіктердің тұлғалық жағын ескере отырып, сөз тіркесі мен аналитикалық формалы етістіктердің, күрделі етістіктердің мағыналық қырларын ашып көрсетеді.

Кемшілігі – аталған тақырыптардың ара-жігін ажыратып көрсетпеген болатын. Осы себепті, Ы.Мамановтан кейінгі зерттеулерге сүйене отырып, нақты қандай жағдайда етістік күрделі етістік, қандай жағдайда аналитикалық формалы етістік болатынына анығырақ тоқталып өтейік.

Түркі тектес халықтардың тілдерінде грамматикалық құрылысы бойынша сөз формасын өзгертуші элементтерді түбірден бөліп алу оңай емес. Жалпы, ЕАФ (етістіктің аналитикалық форманттары) - тардың басым көпшілігі қосымша және көмекші етістіктерден құралады [9, б. 66].

Олардың мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағынасының жай ғана қосындысы емес, аналитикалық форманттың құрамы қанша күрделі болса да, олар біртұтас мағына береді. яғни, құрастырушы сыңарлардың мағыналары идиомаланып, бір мағынаны беруге көшкен. Көбіне мұндай күрделі форманттардың құрамы тұрақты, оны құрастырушы сыңарлардың орны берік, алмастыруға келмейді.

ЕАФ құрамындағы морфемалар бірімен-бірі жымдасып кетпей, қосымша негізгі етістікке қосылып, көмекші етістік бөлек жазылады. Бірақ олардың тұтастығы мағынада, құрамның тұрақтылығында, орындарының беріктігінде, сыңарларының үнемі қатар жүруінде.

Мысалы: *бара + жатыр, келе + жатыр* күрделі етістіктерінің *жатыр + бара* деп орындарын алмастыра алмайтынымыз секілді.

ЕАФ-тар грамматикалық даму нәтижесінде қалыптасқан дайын көрсеткіштер болғандықтан, басқа грамматикалық көрсеткіштердің негізгі белгілері бұларда да кездеседі. Осы ретте қосымша мен ЕАФ-тардың негізгі белгілерінің ортақтығын атап көрсетуге болады.

Қосымшалардың негізгі белгілерінің біріне мағына тұтастығы жатады. Қосымша дара болса да сөзге біртұтас мағына үстейді. Осы белгі ЕАФ-дан да көрініс табады. ЕАФ-тар қанша морфемадан құралса да, бір мағына береді. Мысалы, *-са екен*, - тілек мағынасын береді (алса екен); *-ушы* болма, - тыйым салу мағынасын береді (үйренуші болма) [10, б. 31].

Егер қосымшалардың құрамы тұрақты болса, ол аналитикалық форманттарға қатысты келеді. Мысалы, *-а* ал формантының құрамы тек қана осы элементтік құрамынан тұруы тиіс, оны *-п* ал түрінде өзгертуге болмайды, өйткені олар тілдегі жеке-жеке форманттар, сондықтан олардың мағыналары да басқаша келеді. Мысалы, *жаза сал, айта ғой, жазып ал, айтып сал* формасындағы етістіктерде мағыналары екі түрлі. Қосымшалардың құрамындағы элементтердің орны тұрақты болады, оларды алмастырған жағдайда мағына өзгеріп кетеді. Бұл ерекшелік - ЕАФ-дың басты ерекшелігі.

Осы заңдылыққа сәйкес, сөзге әуелі көмекші етістікті, содан кейін қосымшасын жалғауға болмайды. Мысалы, *келе сал* дегенде, керісінше *кел сала* деп айтылмайды.

Қосымшалар қалай түбір етістіктен кейін жалғанса, ЕАФ-тар да түбір етістіктердің соңына тіркеседі. Тек қосымшалар түбір сөздің дыбыстық құрамына қосылады да, көмекші етістік сөзден алшақ тұрады. Бұл – ЕАФ-тардың негізгі айырмашылықтары.

Қосымшалар сияқты ЕАФ-тар да белгілі категориялардың көрсеткіші, сондықтан бұлар арқылы да етістіктің топтары түрлене береді, олар жеке етістікке байлаулы емес. Түркологияда қосымшалардың сөзге жалғану заңдылығы қарастырылса да, ЕАФ-тардың ғылымда сөзге тіркесу заңдылығы толықтай қарастырылған деп айта алмаймыз.

Десек те, бірқатар ғалымдардың зерттеу нәтижесінде аналитикалық форманттарының әрқайсысының жеке мағыналары түркологияда да, қазақ тілінде де анықталып қалды. Атап айтқанда, Н.Оралбаеваның «Көмекші етістік», «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы» [11, б. 45], К.Ахановтың «Грамматика теориясының негіздері», К.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі, Морфология» және М.Жолшаеваның «Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн» [12, б. 33] деп аталатын еңбектерінен етістіктің аналитикалық форманттары туралы бірқатар анықтамалар алынды.

Н.Оралбаеваның «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы» [11, б. 49] еңбегінде: етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысына анықтама бере келіп, ЕАФ үш түрлі морфемалы кеуіне түсініктеме береді. Сонымен қатар, ЕАФ-ның сөзде тіркесім реті мен мағыналық ерекшелігі анықталады.

«Онда ЕАФ-нің құрамы күрделі. Тілдегі осы күрделі көрсеткіштердің тұтастығы, бірлігі үнемі танылып жүрген жоқ. Ал тілде грамматикалық даму нәтижесінде қалыптасқан элементтер өте көп. Оған мысалы тілдің түрлі саласынан беруге болады. Мысалы, лексикадан тұрақты сөз тіркестерін алайық: ит өлген жер, қас пен көздің арасында, кірпік қаққанша, киімнің ішкі бауындай, тайға таңба басқандай сияқты тұрақты сөз тіркестердің әрқайсысының құрамында бірнеше сөз бар. Бірақ олар тіркесте өз мағыналарында тұрған жоқ.

Әр тіркесте бірнеше морфема бар екеніне қарамастан, олар тілде бір тұтастықта қаралады. Өйткені, бұлар бір мағына береді, бір сөздің қызметін атқарады. Бірақ тұрақты тіркестердің жеке сөздерден құрамы басқа.

Сондықтан олар ғылымда өз алдына тілдік құбылыс саналады. Тілдегі күрделі элементтер тобында күрделі сөздерді атауға болады, олар да бірнеше морфемадан құралып, бір мағына береді. Мысалы, сары ала, ақ сары, он бес, екі жүз елу, т.б. Қосымшалардың да бірімен-бірі кірігіп, тұтас бір көрсеткішке ауысуы жиі кездеседі. [13, б. 8]» - деп ЕАФ-тардың күрделілігіне анықтама береді. Осы себепті етістіктердің бірлігін, тұтастығын құрамындағы морфеманың санына қарай топтастыру реті қалыптасты.

«Етістіктің бір морфемалы аналитикалық форманттары.»

«Қазіргі қазақ тілінде бір морфемалы ЕАФ-тардың саны өте аз, олар: Ø екен, Ø емес, Ø еді, Ø жоқ. Саны аз болғанымен, бұлар өте актив форманттар, тілде жиі қолданыста».

Мысалы, «Ø еді форманты – қатыстық өткен шақтың көрсеткіші. Ол етістіктің нақ осы шақ формаларынан соң тіркесіп, оларға өткен шақ мағынасын береді. *Осы бұлақ маңында бір мола тұр еді. Бәжсей мына екеуін тыңдап отыр еді*».

«Етістіктің екі морфемалы аналитикалық форманттары.

Тілде жиі қолданылатын, саны жағынан да ең көбі – екі морфемалы ЕАФ-тар. Бұлар бір қосымша мен бір көмекші сөзден құралады. Мысалы, Таныған жерде *қуанып кетті*».

- Ойбай, баурем, Абай, Абай – деп есікке қарай *атқып берді* (М.Әуезов)[14, б. 3].

Мұндағы қуанып кетті, атқып берді деген аналитикалық формалы форманттарды талдасақ, қуан, атқы негізгі етістіктеріне *-ып кет, -п бер* форманттары тіркескен. «Олардың әрқайсысы көсемшенің жұрнағы мен көмекші етістіктен құралған. Қазіргі қазақ тіліндегі ЕАФ-тардың құрамы дегенде, екі морфемалы құрамы жеңіл көрінуі мүмкін, алайда онда бірнеше категория қосымшалары, түрлі көмекші сөздер бар».

Алайда жалпы екі морфемалы ЕАФ-ты бір модельмен көрсетуге болады. Ол үшін қосымшаны – Қ деп, көмекші сөздерді – КС деп белгілесек: **Қ + КС**. Бар формуласы осы ғана.

«Екі морфемалы ЕАФ-тар тілде ең көп қолданылатын тіркес болғандықтан, олардың құрылысында іштей түрлі өзгешеліктер, ерекшеліктер мол. Ол ерекшеліктер оның құрамындағы морфемаға қатысты. Бұл ерекшеліктерді мына модельмен береді»:

Көсемше – к.

Есімше – е,

Рай көрсеткіштері – р,

Тұйық етістік қосымшасы – т,

Жіктік жалғауы – ж,

Көмекші етістік – ке,

Көмекші сөздер – кс,

Модаль сөздер - м деп атайтын болсақ, басында берген **Қ + КС** формуласын былай шашыратып көрсетуге болады:

к + ке, е + ке, р + ке, т + м, ж + ке [14, б. 9]

осы қатар жиі қолданыста келеді.

ЕАФ-тардың келесі түрі – үш, төрт морфемалы келуінде. Бұлар тіл қолданысында жиі қолданыла бермейді, өйткені ЕАФ-тардың негізгі түрі екі морфемалы. Алайда бұлар саны жағынан аз болғанымен, тілде белгілі қызмет атқарып, функцияналды единицалар қатарын алады.

Бұл топтағы ЕАФ-тары белгілі формадағы көмекші етістіктердің негізгі етістікке тіркесі жиі қолданудың нәтижесінде олар мағына жағынан жымдасып,

идиомаланған. Сонымен қатар, үш морфемалы ЕАФ-тар құрамындағы саны жағынан ерекшеленеді:

қ – ке – қ

қ – қ – ке

қ – ке – ке

қ – ке – қ формантына жататын аналитикалық етістіктер аз.

Олар: *-ушы болма, -са болды, -ған болса, -р болса, -а сала, -а салып, -а келе, -а келіп, -а бере, -а беріп.*

Мағынасы жағынан *-ушы болма* қимылдың тиым салу мағынасын білдіреді. *Тұтынқыңға азамат қалдырушы болмаңдар.*

Осы ретте тіркесу ретінің мағынасына уәждеме берген ғалым М.Жолшаеваның «Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн» еңбегіне тоқталып өтейік. Мұнда қазіргі қазақ тілінде ЕАФ-ның 15 түрлі синонимдік қатары бар екенін растайды. Олар:

1. қимылдың басталуын білдіретін синонимдік қатар;
 2. қимылдың дамуын білдіретін синонимдік қатар;
 3. қимылдың соңғы кезеңін білдіретін синонимдік қатар;
 4. қимылдың немқұрайлы жасалуын білдіретін синонимдік қатар;
 5. қимылдың күтпеген жерден, кенеттен жасалуын білдіретін синонимдік қатар;
 6. қимылдың батыл, қысқа жазылуын білдіретін синонимдік қатар;
 7. қимылдың ерекше күшпен жасалуын білдіретін синонимдік қатар, т.б.
- [12, б. 56].

Жалпы, аналитикалық формантты етістіктердің синонимдік қатарының молаюы, олардың өзара мағынасы жағынан ұқсастығы – тілдік даму нәтижесі. Олардың түптеп келгенде мағыналас болуының себебін түсіндіру қиын, әйтсе де, ЕАФ-тардың құрамындағы морфемалардың ешбір мағына ұқсастығы болмағанымен, қазір олар мағыналас форманттар деп танылып жүр.

Мысалы: *қой, бер, сала, баста* етістіктерінің лексикалық мағынасында лексикалық белгі жоқ. Ал олардан қалыптасқан аналитикалық форманттары синонимдес. Мысалы: айта бастады, жадырап сала берді, жымындап қоя берді. Осы секілді аналитикалық етістіктердің форманттарына қатысты заңдылықтар өте көп, әрі кейде қолданысына қарай ауыспалы келеді.

«Қазақ тіліндегі етістіктерді зерттеумен көп шұғылданған ғалым, профессор Н.Сауранбаев өз еңбектерінде етістіктің кейбір аналитикалық формаларды атаған болатын. «Современный казахский язык» [15, б. 89] деген еңбегінде етістіктің нақ осы шақ жасайтын аналитикалық формаларына: *-п отыр, -п тұр, -п жатыр, -п жүр*; өткен шақ формаларына: *-ған еді, -ған емес, -е жатыр еді, -ушы еді, -пақшы еді, -ғай еді* сияқты бірліктерді қоса көрсетеді».

«Ә.Әбілқажиев «*-де етістігінің мағыналары мен қызметі*» - не арналған еңбегінде – *де* көмекші етістігі арқылы жасалған біраз күрделі формаларды көрсетеді. Мысалы, *-йын/йін деп тұр, -йын/йін деп отыр, -йын/йін деп*

жатыр, -йын/йін деп жүр, -йын деп келеді, -йын/йін деді, --йын/йін депті (1958)» [16, б. 12].

1967 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасында» сөздің аналитикалық формасы жөнінен бұрынғы қалыптасқан көзқарас сақталған.

Дегенмен, бұл еңбекте күрделі етістіктерді 3 топқа бөледі:

1. Есімдер мен еліктеуіштердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалатын тіркесті түбір етістіктер;
2. -еді көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі формалар. Оларды күрделі өткен шақ формасы деп атайды.
3. Көсемшелерге көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған формалар.

Жалпы бұл етістіктердің өзара айырмасы болғандықтан үшке бөлген. Үшінші түрі – формалар делінгенімен, олар қандай формалар, неге оны форма деп атағаны белгісіз. Сөздің аналитикалық формасын жасаушы аналитикалық форманттар етістіктің грамматикалық көрсеткіші болып қызмет атқарады.

Олар арқылы жасалған аналитикалық формалы етістіктер де етістіктің грамматикалық категориясының қатарына еніп, оның бір мүшесі болып табылады. Сондықтан, аналитикалық формалы сөздер морфологияның объектісі болып табылады.

Етістіктің аналитикалық формаларын түркологияда бірінші болып зерттеген жоғарыда аталған ғалым - А.А. Юлдашев еді. Ғалымның «Аналитические формы глагола в тюркских языках» атты еңбегі бар (1965).

1971 жылы профессор Н.Оралбаева осы еңбектердің ізін ала «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» атты докторлық диссертациясында аталынған құбылыстың қазақ тілінің грамматикалық құрылысына жат еместігін, аналитикалық формалардың қазақ тілінде де бар екенін, қазақ тілі аналитикалық формаларға бай екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, анықтама берген. Н.Оралбаева қазақ тілінде 70 шақты аналитикалық формант бар екенін көрсетіп берді.

Сонымен, бұл тарауда ЕАФ-на анықтама бере отыра, зерттелу тарихына шолу жасап өттік. Жеткілікті түрде, анықтама бердік. Категорияның аналитикалық формаларын қабылдап, оның мағынасын білдіріп, көрсетіп тұрған етістікті (негізгі етістік пен көмекші етістікті) **аналитикалық формалы етістік** деп атайды екенбіз. Ендеше, аталған етістіктің анықтамасы мен құрылымы түсінікті болса, келесі тарауда семантика-грамматикалық ерекшеліктеріне сараптайтын боламыз.

Етістіктің аналитикалық формаларының семантикасы деп белгілі бір грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін, қосымша мен көмекші етістіктің бірлігінен туындаған морфологиялық көрсеткішті атайды.

Мысалы:

Райымбек еш мәнісін болжай алмай, бас шайқады (Ж.Тұрлыбаев). Анау иығындағы кетпенін анадайда ағып жатқан арықтың ішіне тастай салды да, өзі бастап үйге кірді (О.Сәрсенбаев) [16, б. 11]

Мұнда *болжай алмай, ағып жатқан, тастай салды* деген аналитикалық формалы етістіктер қолданылған. Олар жетекші етістік (болжай, ағып, тастай) және көмекші етістіктен (алмай, жатқан, салды) тұрады. Осы екеуі бір тіркесте қолданылғанда ғана ол аналитикалық формалы етістік болады. Бірінші сөйлемдегі аналитикалық формалы етістік болжай алмады. *-й алма* – аналитикалық формант.

Сонда, аналитикалық формалар жетекші сөз бен аналитикалық форманттардың тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. Ондай жасалымда аналитикалық форманы жасаушы аналитикалық форманттар етістіктің грамматикалық категорияларының көрсеткіші ретінде жұмсалады. Аналитикалық форманттардың құрамы қосымша және көмекші етістіктен тұрады. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрамында белгілі қосымшалар ғана қолданылады. Олар: *көсемше, есімше, шартты райдың, тілекті және ерікті қалау райдың, мақсатты келер шақ, тұйық етістіктің жұрнақтары*.

Жалпы, аналитикалық формант құрамында көп қолданылатын қосымшалар: *көсемше*, қалғандары сирек жағдайда кездеседі. Аналитикалық форманттар сөйлемде қолданылу мақсаттарына қарай әр түрлі мән-мағыналар мен қосалқы түрде ұғынылатын әр қилы реңктерге ие болады.

Қазақ тіл білімінде семантика мәселесі ғылыми негізде кешірек зерттелді. Дегенмен, қазақ ғалымдарының еңбектерінде бұл мәселе мүлде ескерусіз қалған жоқ. Семантика теориясы мен тарихи семасиология мәселелері Ә.Қайдар, Е.Қажыбеков, М.Оразов, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Б.Қасым, Ш.Жалмаханов еңбектерімен байланысты келеді.

Ғалым Б.Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деп аталатын сөздердің мағыналық дамуын диахронды әдіспен зерттей отырып, силлобофонема \ (түбіртек) теориясының негізін салды. Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева «Сөз мағыналарының негіздері» атты еңбектерінде мағынаға қатысты жалпы ұғымдардың барлығын санамалап көрсетіп, жеке-жеке нақты түсініктер береді.

Сөз бен ұғым, сөз бен мағына, ұғым мен мағына сияқты түсініктердің арақатынасын ашып көрсетеді. Сондай-ақ, сөз мағыналарының түрлерін және құрылымын анықтайды.

Грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіштердің бір түрі – аналитикалық форманттар. Аналитикалық форманттар тілдің грамматикалық құрылысынан бірқатар орын ала алады.

Жоғарыдағы тарауда ЕАФ-на берілген анықтамаларымен ұғынықтырақ болды деген сенімдеміз. Сондықтан, бұл тараушада ЕАФ-дың грамматикалық мағынасы жағынан қарастырмақпыз.

Аналитикалық формант деп – қосымша мен көмекші сөзден құралып, бір грамматикалық мағына беретін тілдік бірлік.

Мысалы, «...айттым боз қасқа – деп әкесі еңіреп жіберді». «Аспанға атылған аңғал асау енді тісін қаршылдатып, болат ауыздықты шайнап тұр». «Сен әртіс бола аласың».

Осы мысалдардағы шайнап тұр, еңіреп жіберді, бола аласың деген етістіктердің құрамында **-н жіберді, -н тұр, -а ал** аналитикалық форманттар қолданылған. Олардың әрқайсысы әр түрлі грамматикалық мағына білдіретін, әр түрлі грамматикалық категорияның көрсеткіштері:

- **н жіберді** – қимылдың тез, бірден болғанын білдіретін формант, ол қимылдың қалай жасалғанын білдіретін қимылдың өту сипаты категориясының форманты,

- **н тұр** – форманты – нақ осы шақтың форманты,

- **а ал** – мүмкіндік модальдығының форманты, ол қимылды жасау субъектінің мүмкіндігі барын білдіреді.

Бұл мысалдар әр аналитикалық форманттың өзіндік мағынасы барын, ол мағынаның әр түрлі категорияға қатысты болатынын дәлелдеді.

Аналитикалық форманттың құрамы қанша күрделі болса да, ол қолданыста бір ғана мағына береді, яғни аналитикалық формант тұтас бір мағынаны білдіреді. Аналитикалық етістікті жасауда көмекші етістіктің қызметі ерекше. Көмекші етістік болмаса, аналитикалық етістік те жасалмайды. Сол себепті аналитикалық етістіктің негізгі белгілері болып танылатын аналитикалық форманттар көмекші етістікпен тікелей байланысты.

Жалпы, **көмекші етістіктердің қызметтерін тани білу, олардың ерекшеліктерін, сипаттарын ажырата білу** – қазақ грамматикасының аса бір қызық та, қиын әрі маңызды мәселесі [17, б. 6].

Көмекші етістіктердің саны аз болғанымен, тілімізде атқаратын қызметі орасан зор. Олардың қызметімен мағынасы толық дербес семантикалық, грамматикалық абстрактілі мағыналы сөздер жасалып яки беріліп отырады.

Мысалы, шөлдеп кеттім және шөлдеп қалдым, серпіп жіберді және серпіп тастады, бере салдым және бере қойдым, жығылып кете жаздадым және жығылып қала жаздадым... деген етістіктердің бір-бірімен ерекшеленетін нәзік реңктерін тек көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін мағыналарынан ғана ажыратуға болады.

Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде грамматикалық қызметке көшіп, грамматикалық көрсеткішке айналғандықтан, олар сөйлемде толық мағыналы етістікке көсемше, есімше жұрнақтары арқылы тіркесіп, оған грамматикалық мағыналар үстейді.

Мысалы: бір түйе жас көзімнен ыршып кетті. Аш есікті, сен ол қызды жасыра алмайсың. Осы мысалдардағы грамматикалық мағыналы көзімнен, аршып кетті, есікті, қызды, жасыра алмайсың деген түрлі формадағы сөздерді алып қарасақ, көзімнен дегенде жастың шыққан жерін **-нен** шығыс септік жалғауы білдіріп тұр, онда грамматикалық мағына қосымша арқылы берілген;

-жасыра алмайсың дегенде қимылды жасау мүмкіндігінің жоқ екені етістікке **-а** жұрнағы арқылы тіркескен **алма** көмекші етістігі арқылы білдірілген.

Қазақ тілінде аналитикалық формалы сөздің құрамы негізінен төмендегідей:

1. Дербес сөз + қосымша + көмекші сөз (өсіп кетті);

2. Дербес сөз + көмекші сөз (жүр еді);
3. Көмекші сөз + дербес сөз (өте жақсы) [17, б. 7].

Аналитикалық формалы сөз сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы, *ол оқып жүр* дегенде *жүр* – сөйлемнің баяндауыш мүшесі. Сол сияқты аналитикалық формалы сөз тіркесінің де бір сыңары, бір мүшесі болады. Мысалы, *ол үйде оқып отыр* дегенде *үйде оқып отыр* бір сөз тіркесін жасайды. Осы сөз тіркесінің бір сыңары *-үйде*, екінші сыңары *-оқып отыр*.

Сөздің аналитикалық формасы төмендегідей белгілер арқылы танылады:

1. Сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның жүйесіне, тарамына ену керек;
2. Әрбір аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынаға қоса грамматикалық мағына береді;
3. Сөздің аналитикалық формасын категориялардың тұрақты аналитикалық форманттары жасайды;
4. Сөздің аналитикалық формасы белгілі топтағы сөздің басым көпшілігінен жасала береді [17, б. 8].

А.Ысқақов бойынша: Көмекші етістіктердің қолданылу шеңбері де, жетекші етістіктерге қосатын семантикалық үлестерде, түрлену жүйесі және басқа сипаттары да бәрінде бірдей емес. Солай болғандарымен де, ортақ сипаттарын ескере отырып, оларды ең әуелі *толымды көмекшілер және толымсыз көмекшілер* деп екі салаға бөліп қарауға болады.

Толымды көмекші етістіктерге бір жағынан, негізгі лексикалық мағынасын толық сақтап, дербес грамматикалық функцияларын түгелдей атқарып, етістік атаулыға тән парадигмалық формалардың бәрін қабылдап, жазба тілде де, сөйлеу тілінде де дербес сөз мүше ретінде қолданыла беретін, солай бола тұра, екінші жағынан, аналитикалық етістік құрамында тиісті жетекші етістікке белгілі дәнекер болу арқылы тіркесіп, оған қосымша абстракты мағына үстейтін бір алуан етістіктер жатады. Олар: ал, бар, бер, баста, бақ, бол, біт, жатыр, жүр, жөнел, жібер, кел, кет, көр, қал, қара, қой, сал, таста, тұр, отыр, өт, шық, де, қыл, ет.

Толымсыз көмекші етістіктерге *-еді, -екен, -емес* сөздері жатады. *-еді* көмекшінің дәнекерлігі арқылы арқасында тілімізде өткен шақ мағыналарын білдіретін мынадай аналитикалық форманттар қалыптасқан:

- ып еді (айтып еді),
- қан еді (айтқан еді)
- атын еді (айтатын еді)
- ар еді (айтып еді)
- са еді (айтса еді)
- са игі еді (айтса игі еді)
- а, -е, -й (бара жатыр, келе жатыр), т.б. [18]

Екен көмекші етістіктің қатынасымен күрделі өткен шақ категориясын жасайтын мынадай аналитикалық форманттар қалыптасқан:

- ған екен (барған екен)
- атын екен (баратын екен)
- ады екен (барады екен)
- са екен (барса екен)
- ар ма екен? (барар ма екен?)
- ып па екен? (барып па екен?), т.б. [18, б. 113]

1.2 Қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың басқа тілдік құбылыстардан ерекшелігі мен ұқсастықтары

Тіл білімінде етістіктің аналитикалық формасы біршама уақыт бойы күрделі етістік деп саналып келді, екеуінің бұл сыртқы ұқсастығы зерттеушілердің назарынан ішкі ерекшеліктерінің тыс қалуына және сөздің аналитикалық формасы тек аналитикалық тілдерге қатысы бар деген дұрыс емес пікірдің басым болуына байланысты болған. Қазіргі кезде күрделі етістік пен аналитикалық формалы етістіктің екі бөлек құбылыс екендігі дәлелденіп, даму дәрежесі жағынан, қолданылу мақсаты мен атқаратын қызметі жағынан тілде екі түрлі сатыда тұр.

Аналитикалық формалы етістіктер мен күрделі етістіктердің мынадай ұқсастықтары бар:

- 1) екеуі де кемі екі сыңардан тұрады: алып кет/ті/, жанып кет/ті/;
- 2) екеуінің де құрамындағы сыңарларының дыбыстық құрамы дербес сөз қалпында: алып шық, көріп шық;
- 3) екеуінің де сыңарлары бірімен-бірі көсемше арқылы байланысады: бара кет, көтере кет, тауып келеді, салып келеді;
- 4) екеуінің де сыңарлары бөлек жазылады: сұрай қайт, күліп жіберді;
- 5) екеуі де сөйлемнің бір мүшесі болады;
- 6) екеуінің де сөйлемдегі басқа сөздермен сөз тіркесін жасауында айырмашылық жоқ.

Бұл екі объекті де екі сыңардан құрылғанымен, айырмашылығы – осы екі сыңарларының сапасында. Күрделі сөздің компоненттері толық мағыналы сөздер болса, аналитикалық формалы сөздің құрамындағы сыңарлары толық мағыналы сөз бен көмекші сөзден тұрады.

Күрделі етістіктің жасалуына оның жеке сыңарлары бірдей қатысады. Бұлардың да құрамындағы сыңарлары – толық мағыналы етістіктер. Күрделі етістіктер оның құрамындағы жеке сыңарларының мағынасының жиынтығынан жасалған бір күрделі қимылды білдіреді.

Күрделі етістіктің құрамындағы жеке сыңарлары күрделі қимылдың белгілі бөлімін білдіреді деуге болады. Көп жағдайда күрделі етістіктің бірінші сыңары күрделі қимылдың алғашқы бөлімін, екінші сыңары оның соңғы бөлімін білдіреді. Мысалы, *алып кел* күрделі бір қимылды білдірсе, ол қимыл екі бөлімне тұрады, яғни алдымен *алу* қимылы жасалады, іле-шала *келу* қимылы жасалады, бұл – бір кеңістікте екі бағытта жасалатын бір қимылдың кесінділері. Оны былай көрсетуге болады.

А----- ▶

Күрделі етістіктің сыңарлары бірінен соң бірі жасалатын екі қимылды білдірсе, ондай сыңарларды құрмалас сөйлемнің дара баяндауышы ретінде алып, сол ойды сақтауға болады. Құжаттарды жұмысқа алып бар, құжаттарды алып, жұмысқа бар. Заттарыңды үйге алып қайт, заттарыңды алып, үйге қайт. Кілтті тастап кет, кілтті тастап, үйіңе кет.

Ал аналитикалық формалы етістіктің құрамындағы сыңарларын бөліп, оның әрқайсысын құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерінің баяндауышы етіп, сол мағынаны сақтау мүмкін емес, себебі оның соңғы сыңарының лексикалық мағынасы жоқ, сондықтан ол жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайды.

Күрделі етістіктің сыңарлары бір мезгілде болатын қимылды да білдіреді: салып жібер, ала отыр, лақтырып таста, түсіндіре кет.

Ал аналитикалық формалы етістік болса, тең емес сыңарлардан құралады да, оның екінші сыңары лексикалық мағынасынан айырылған сөз болғандықтан, онда күрделі етістіктегідей бірінен соң бірі немесе қатар, бір мезгілде болатын екі қимыл туралы сөз болмайды, онда дербес етістік білдіретін бір қимыл туралы айтылады, бір ғана лексикалық мағына болады. Мысалы, *бере сал* дегенде тек *беру* қимылы ғана бар, яғни онда *беру* етістігінің ғана лексикалық мағынасы бар. Бұрын зерттеушілер мұндай аналитикалық формалы етістіктерді күрделі етістікке жатқызғандықтан, күрделі етістікті екіге бөлуге мәжбүр болған: 1) тең сыңарлардан, 2) тең емес сыңарлардан жасалған күрделі етістіктер.

Зерттеушілер бұл тіл фактілерінің айырмасы барын көрген, бірақ олардың сол айырмасына қарай әрқайсысын өз орнына қойып тілдегі екі түрлі құбылыс деген дәрежеде танымаған.

Етістіктің аналитикалық формасы мен күрделі етістіктің сыңарлары түрлі қызмет атқарады. Аналитикалық формалы етістіктің бірінші сыңары лексикалық мағына береді, екінші сыңары оған грамматикалық мағына қосады. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлары сол сөздің лексикалық мағынасын жасайды. Күрделі етістік пен етістіктің аналитикалық формасының тағы бір айырмашылығы мына схемадан байқауға болады:

1-кесте. Күрделі етістік пен етістіктің аналитикалық формасының айырмашылығы

Лексикалық мағына		Грамматикалық мағына
Күрделі етістік	бере сал	
Аналитикалық формалы етістік	бер	-е сал

Аналитикалық формалы етістік пен тұрақты сөз тіркесі сөйлемде кемінде екі сөзден құралса да, бір номинативті сөздің қызметін атқарады, сөйлемнің бір мүшесі болады. Бұл – олардың ұқсастығы. Алайда бұлар бір-бірінен түбірлі айырмашылықтары арқылы ажыратылатын тілдің екі түрлі элементтері.

Құрастырушы сыңарларының саны жағынан алғанда, тұрақты сөз тіркесінде белгілі норма жоқ, оның құрастырушыларының саны әр түрлі бола береді: құлаққа ұрған танадай, ат ізін салмау, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайды, қабырғаңмен кеңесу т.б.

Бұл келтірілген тұрақты сөз тіркестері бірнеше дербес сөздерден құралған. Олардың құрамындағы сөз өз мағыналарынан босап, басқа мағынаға ауысқан, ол мағына оның құрамындағы бір сөзге ғана қатысты емес, сол тіркеске түгел қатысты. Мысалы, *құлаққа ұрған танадай* деген үш лексикалық мағына жойылып, оның орнына *тыныш* деген бір мағына пайда болған. Тұрақты сөз тіркестерінің лексикалық мағынасы оның құрастырушы сыңарларының бәрінің басқа бір мағынаға ауысуынан, идиомалануынан қалыптасқан. Олай болса, тұрақты тіркес білдіретін мағынаға оның сыңарларының қатысы бірдей. Аналитикалық формалы етістікте оның әр сыңарлары өз мағынасында тұрады, бірінші сыңары өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрса, екінші сыңары оған грамматикалық мағына қосады. Аналитикалық формалы етістіктің сыңарларының сөздің лексикалық мағынасына қатысы бірдей емес. Лексикалық мағынаны – 1-сыңар, 2-сыңар грамматикалық мағына береді, сондықтан да онда лексикалық мағына беретін бөлім бар. Бұдан тұрақты сөз тіркестерінде лексикалық идиомалану орын алса, аналитикалық формалы етістікте грамматикалық идиомалану орын алады, бұл – олардың негізгі айырмашылықтарының бірі.

Сөйтіп, тұрақты тіркестер тілдегі дайын лексикалық бірліктер болса, аналитикалық формалы етістіктің тек аналитикалық форманты ғана – тілдегі дайын бірлік. Бірақ ол – лексикалық бірлік емес, грамматикалық бірлік. Екеуін де сөйлеуші тілде дайын қалпында қолданады. Сөйлеу кезінде тұрақты тіркестер лексикалық мағына беретін, сөйлем құрайтын дербес сөз қызметін атқарады. Мысалы, *Қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заман* деп бұрынғылар біздің қазіргі заманымызды армандаған болар дегенде тұрақты тіркес *заман* деген зат есімді анықтап, бейбіт заман, бостандық заман, теңдік заман сияқты қолданудағы *заман* сөзінің алдынан тіркескен бір сөздің қызметін атқарып тұрғаны анық.

Сөйлемде тұрақты сөз тіркесі тек өз алдына бір номинативті сөздің орнына қолданылса, аналитикалық формант өз алдына қолданылмайды, ол тек толық мағыналы дербес сөзге тіркесіп, оған грамматикалық толық мағына беріп сөздің аналитикалық формасын жасайды. Яғни, тұрақты сөз тіркесі сөйлем құраушы элемент болса, аналитикалық формант сөз формасын жасайтын элемент болып саналады.

Аналитикалық формалы етістік тілдегі дайын үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Оны қай үлгі бойынша жасау сөйлеушінің стиліне байланысты. Аналитикалық форманттардың синонимдік қатарынан сөйлеуші қажеттісін тандап қолданады. Бұл аналитикалық формалы етістіктердің тілде дайын тұрмайтынын, сөйлемде жасалатынын көрсетеді. Аналитикалық формалы етістіктің бір сыңарының ғана дербестігі жоқ, тұрақты тіркестің әр

сынары дербестіктен айырылған, себебі олардың ешқайсысы жеке тұрып, идиомаланған мағынаны бермейді.

Сонымен тілдегі әрбір құбылыстың дұрыс танылып, теориялық жағынан айқын анықталуы өте қажет. Етістіктің аналитикалық формасын тілдегі басқа ұқсас құбылыстармен салыстырып, олардан аналитикалық форманың ерекшелігін көрсету қазақ тіл біліміндегі сөздің аналитикалық формасы туралы жаңа қалыптаса бастаған теорияны айқындай түсу үшін де, оларды тәжірибеде дұрыс ажырату үшін де қажет.

1.3 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын жасауда көсемше тұлғаларының ерекшеліктері

«Аталған көмекші етістіктерде семантикалық реңкті ажырату жағынан ғана болмаса, тіркесу жүйесі, жұмсалыу реті және қызметі жақтарынан өзге аналитикалық форманттардан ерекшеленетіндей айырмашылық табылмайды [19, б. 56]» - деп көрсетеді қазақ грамматикасында.

Сонымен, семантика турасында сөз қозғағанда мағына турасында да кішігірім тоқталғанымыз абзал. грамматикалық мағынамен қатар сөзде лексикалық қатар да болады. Олар сөздің функционалды қызметімен қатар, реңк-мағынасын ашып береді.



1-сурет. Көсемше жұрнақтары

Лексика-семантикалық топ жасалуы үшін кемінде екі не одан да көп сөздерді лексикалық мағынасына қарай топтау керек. Лексика-семантикалық топ теориясын түбегейлі шешу үшін сөздердің лексикалық мағынасын, олардың семантикалық құрылымын анық білу керек.

Лексика-семантикалық топтарға тек бір сөз табына енетін сөздер ғана ене алады. Жалпы, тіл білімінде сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлудің

ғылыми қағидалары жасалынған. Бірақ барлық тілдерге бірдей сай келетін даяр рецепт жасалмайды. Әр тілдің өзіне тән ерекшелігін еске ала отырып, жалпы қағидалардан ауытқуы не жаңа қағидалардың жасалынуы мүмкін.

Себебі, сөздерің лексикалық мағыналарының құрамында ұлттық реңк болады. Бұл сөзсіз жалпы қағидаға өзгеріс енгізеді. Ең бірінші, сөздерді лексика-семантикалық құрылымын анықтау керек болады. Тіл білімінде мұндай талдау әдісін компонентті талдау деп көрсетеді.

Сөздердің мағынасын компоненттік әдіспен талдау, екінші сөзбен айтқанда, семаларға талдау, сөз мағыналарын өте қарапайым жолмен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топқа бөлу үшін мына шарттарды есепке алу керек болады:

1. Бір лексика-семантикалық топтың құрамына енетін сөздер өзара бір мағыналық сыңар семалар арқылы байланысып жатуы керек.

2. Бір лексика-семантикалық топтың компоненті болып саналатын сөздер өз дербестігін сақтау қажет.

3. Лексика-семантикалық топтың құрамындағы сөздер бірі екіншісін мағыналық жағынан толықтырып, ұштасып жатуы керек.

4. Антонимдік, синонимдік сыңарлар да бір лексика-семантикалық топтың аясында болады

5. Лексика-семантикалық топтар іштей семантикалық топтарға бөлініп, сатылай байланысып жатады.

6. Лексика-семантикалық топтың құрамындағы сөздер бір сөз табынан болуы керек, т.б. [19, б. 57]

Лексика-семантикалық топ деп – екі не бірнеше сөздердің лексикалық мағынасына қарай бірігуін айтамыз. Түркітанымда сөз болып жүрген лексика-семантикалық топ туралы пікірлер қазақ тіл біліміндегі айтылып жүрген пікірлерден онша алшақ емес.

Мұның себебі, түркі тілдерінде де сөз семантикасының толық зерттелмеуі, лексика-семантикалық топтарға сөздерді топтастыру принциптерінің жасалмауы. Лексика-семантикалық топ туралы пікір айтушылар оның ғылыми негізін анықтамай-ақ өздерінше өлшем-критерий қойып талдап жүр.

Түркі тілдеріне байланысты жазылған еңбектерде етістіктің лексика-семантикалық топтарын А.Ысқақовтың бірталай топтарға бөлгені дәлел болады. Әр автордың өзінше дәлелдері бар екенін жасыруға болмайды. Мысалы, А.Ысқақов бағыт-бағдар етістіктерін жеке топ алғанда *кел*, *кет*, *қайт* сияқты етістіктері қимылдың бір бағытқа қарай бағытталатын мағынасын негіз етіп алған.

Ғ.Хасанов «Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы» деп аталатын кандидаттық диссертациясында [20, б. 22] қазақ тіл біліміндегі сөз мағынасының зерттелуін шартты түрде 3 кезеңге бөліп көрсетеді. Оның ішінде, етістік – грамматикалық категорияларға, сонымен қатар модальдік реңктерге бай күрделі сөз табы.

Атауыш сөздерден семантикалық реңкінің көп түрлілігімен де, дербес сөз табы ретінде ерекшеленеді. Қазақ тілінде грамматика танушы ғалымдар етістікке қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған. Етістікті әрі сөз табы ретінде, әрі мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден А.Қалыбаева (Хасенова), Ы.Е. Маманов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева еңбектерін атауға болады.

Жалпы, қазақ тіл білімінде етістіктің лексика-семантикалық топтары туралы пікір айтқан Ы.Е. Маманов, А.Хасенова, С.Аманжолов, Н.Оралбаева, Ә.Болғанбаев, М.Оразов, А.Ысқақов, т.б. ғалымдар.

Етістіктердің семантикалық өрісін талдап, мағынасына қарай бөлу мәселесі «Современный казахский язык» атты еңбекте төмендегіше 7 топқа бөлінеді:

1. Қимыл-әрекет мәнді етістіктер: жаз, байла, ақта, т.б.
2. Қимыл объектісі белгісіз мәнді етістіктер: жүгір, жығыл, қозғал, т.б.
3. Қалып-күй етістіктер: тыңда, аңда, сақта
4. Дерексіз мәнді етістіктер: ұйымдастыр, баянда, көбейт, мақта
5. Еліктеуіш мәнді етістіктер: қаңқылда, гүрілде, шырылда
6. Қалыптасу мәнді етістіктер: қоздады, боталады, құлындады, т.б.
7. Көмекшілік қызмет мәніндегі етістіктер: еді, емес, де, деп, т.б. [21, б.

12]

Бұл классификацияда ағылшын тіліндегі перцептивті етістіктерге мағыналас етістіктерді қалып-күйі етістіктері деп атаған. *Тыңда, аңда* етістіктері перцепцияға жатқанымен, *сақта* етістігі перцепция ұғымының аясынан шығып кетеді.

Ы.Е. Маманов өз еңбегінде етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып бөлу өте қиын, тіптен мүмкін де емес оларды мағынасы жағынан басты ерекшеліктеріне қарай, бірнеше топқа бөлуге болатындығын айта келіп, 8 топқа бөліп көрсеткен.

1. іс-әрекеттік қимылды білдіретін етістіктер: жазу, сызу, көтеру, шашу
2. қозғалыс қимылын білдіретін етістіктер: жүгіру, еңбектеу, домалау, қозғалу.
3. қалып-күй процесін білдіретін етістіктер: тынығу, жүдеу, арықтау, жабығу
4. көңіл-күйді білдіретін етістіктер: қайғыру, қуану, күлу, ашулану,
5. сапалық белгінің өзгерісін білдіретін етістіктер: ұзару, ағару, азаю
6. еліктеу, бейнелеу етістіктері: жымындау, пысылдау, гүрсілдеу
7. туу, өсу қимылын білдіретін етістіктер: балалау, қоздау, боталау
8. субъективті реңді білдіретін етістіктер: азсыну, көпсіну, кемсіту [22, б.

95]

Қарап отырсақ, Ы.Мамановтың еңбегінде перцепцияны білдіретін етістіктер мүлде аталмаған. Жалпы алғанда, Ы.Мамановтың көрсеткен лексика-семантикалық топтары қазақ тіліндегі етістіктерді толық қамти алмайды. Тіпті, Н.К. Дмитриев көрсеткен ойлау, сөйлеу етістіктері де ескерусіз қалған.

Автор қазақ тіліндегі етістіктерді толық лексика-семантикалық жақтан топтастыруды мақсат етпеген де болуы мүмкін, тек етістіктің семантикалық топтарын үлгі ретінде ғана санап көрсетеді.

А. Хасенова етістіктерді 6 семантикалық топқа бөледі:

1. Объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін етістіктер: іш, же, майла, бол, ұр, соқ, жүр, көр, оқы, т.б.

2. Субъектінің қозғалысының беталыс, бағытын білдіретін етістіктер: кел, кет, түс, шық, ұш, самға, жинал, тара, т.б.

3. Субъектінің қалып сапасының өзгеру процесімен байланысты айтылатын етістіктер: ұйықта, оян, азай, көбей, ұзар, т.б.

4. Бейнелеу етістіктері: адырай, бақырай, маңыра, мөңіре, жалтылда, үлпілде, т.б.

5. Ішкі объектілі салт етістіктері: қозда, бұзаула, гүлде, жапырақта, т.б.

6. Көмекші етістіктер: еді, деп, шығар, т.б. [23, б. 12]

Сонымен қатар, А. Хасенова етістіктерді объекті, субъектіге қатысты топтастырады. Нәтижесінде, перцепцияны білдіретін етістіктер объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін топқа кірістірілген.

А.Ысқақовтың оқулығында он бір етістіктің лексика-семантикалық тобының аты аталған. Ескерте кететін жайт, оқулықта ойлау мен сөйлеу, көру мен есту етістіктерін қосарлап бір лексика-семантикалық топ еткен.

Көмекші етістіктер туралы келесі тарауда толығырақ тоқталатын боламыз. Қазір аналитикалық форманттардың жасалуында көсемшенің қосарлас жүруі, етістіктің аналитикалық форманттарының жасалуына қатынасы туралы айтатын боламыз.

Көсемшелер етістіктің негізгі бір түбірі болып саналады. Оның өзіне тән көне заманнан қолданыста келе жатқан қосымшалары бар. Көсемшенің сөзжасамдағы қызметі туралы орыс ғалымдары Н.К. Дмитриев, А.А. Юлдашев, М.А. Ахметов еңбектерінде, ал қазақ тілінде А.Байтұрсыновтан бастап, оның ізін алған Н.Сауранбаев, З.Ерназарова, Ө.Жұмағұлова, Б.Қапалбек сынды зерттеушілер еңбегінде жан-жақты талданып, зерттелген.

Ғалым А.Байтұрсынов көсемшені семантикасына қарай үнемді, үнемсіз және ниетті деп бөледі. Мысалы:

1. Үнемді: -а, -е, -й: айта бердім, айта бердің, айта берді

2. Үнемсіз: -ып, -іп, -п: айтып бердім, айтып бердің

3. Ниетті: -қалы, -гелі, -ғалы, -гелі: барғалы тұрмын, барғалы тұрсын [24, б. 24].

Көсемше – қыры мен сыры мол, көне категория. Көсемшелер формалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан, тиянақтаушы етістіксіз айтылмай өзі үнемі көсемдер сияқты, көсемше соның алдында тұрады.

Ерекше тілдік құбылыс саналатын көсемше туралы Н.Сауранбаев: «Етістіктің ерекше бір түрі ретінде көсемшеге нақты анықтама беріле алмайды [13, б. 121]», - дейді. Қолданылу аясы да кең, сонымен қатар, атқаратын қызметі сан түрлі көсемшенің қызметін зерттеген ғалымдар арасында бірауыздан

берілген анықтама мынау деп көрсете алмаймыз. Оған берілген анықтамалар легін ғалымдардың бір тобы: «көсемше - етістіктің категориясы» десе, екінші бір тобы: «үстеумен немесе үстеу мен етістіктен құралған аралас категория» - деп қарастырады.

А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» еңбегінде: «екі етістік қатарынан сөйлегенде, алдынан айтылатын етістіктің қысқа түрі – көсемше [24, б. 13]» - деп аталады деген анықтама берген.

Түркологтар, оның ішінде қазақ тіл білімін зерттеушілер «негізгі қимылды сипаттайтын етістіктің бір түрі – көсемше» деп санаған. Бұл пікірді Ы.Маманов, Н.Оралбаев, Ә.Төлеуов, А. Ысқақов еңбектерінде көрсеткен. Ы.Маманов «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында: көсемше – қимылдың, іс-әрекеттің себебін, амалын көрсетіп, қосымша қимылды білдіретін етістік тұлғасы», - деп анықталған.

Профессор Н.Оралбаева: «көсемше тұлғасындағы етістік соңғы қимылдың жай-күйін көрсетіп, қимылды анықтайды. Жанама қимыл бар жерде ол анықтайтын негізгі қимыл болады, осыдан келіп, екі қимылды білдіретін, толық мағыналы екі тіркестің жай тіркесі пайда болады [13, б. 123]», - дейді.

Жоғарыда көсемшеге берілген ғалымдардың анықтамасы негізінде, жанама қимылды білдіріп, негізгі қимылды сипаттау қызметі көсемшені етістіктің түрленбейтін түрі деп қарастыруға негіз болады. Алайда кейбір ғалымдар көсемшенің түрленетініне анықтама беріп, бұл пікірді жоққа шығарады.

Қазақ тіл білімінде жай және құрмалас сөйлемдерде көсемшенің атқаратын қызметіне назар аударған ғалым - Н.Т. Сауранбаев. Мұнда зерттеуші көсемше формасында тұрған «де» сөзінің көмекші етістік қызметін атқарып тұрғанда беретін мағынасына ерекше назар аударған.

Б.Қапалбек «Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері» [25, б. 1] атты зерттеуінің бірінші және екінші тарауларында көсемшенің мағынасы мен қызметіне тоқталған.

1-қызметі: Күрделі етістік жасау қызметі. Формалық жағынан да, мағыналық жағынан да көсемшелер тиянақсыз болғандықтан, өзінен кейін тиянақты етістікті қажет етіп тұрады да кем дегенде екі сыңардан құралып, жаңа мағына түзетін күрделі етістіктердің көптеген түрін жасауға негіз болады. Тарихи тұрғыдан қарағанда күрделі етістіктердің қалыптасуы мен саралануына көсемше формаларының еш қатысы жоқ сияқты болып көрінеді.

Көсемше формалары арқылы байланысқан қос етістік алдымен жеке сөйлем мүшесі, кейін бөлшектенбейтін күрделі бір мүшеге айналғандығы көсемше формаларының көп мағыналық сипат алуымен тығыз байланысты деп зерттеледі.

2-қызметі: Көсемшенің пысықтауыштық қызметте жұмсалуды.

3-қызметі: Бірыңғай баяндауыш жасау қызметі.

Күрделі етістік жасау қызметі туралы Ө.А. Жұмағұлованың «Көсемше жұрнақтарының күрделі етісті жасаудағы қызметі» атты еңбегінде: «көсемшенің күрделі етістікті жасауға қатысы тілдің даму барысында кейін

қосылған қызмет. Бұл қызмет көсемшенің табиғи алғашқы қызметіне жатпайды.

Бірақ тілдің даму барысында көсемшенің қызметі кеңіп, өсіп отырғанын, оның күрделі етістік құрамындағы екі сыңарды байланыстыру қызметін жасап, сол арқылы сөзжасамдық қызметке қатынасып отырғанын айтады.

Күрделі етістік жасауда *-а, -е, -й; -ып, -іп, -п;* көсемше тұлғалары өте мол әрі өнімді қолданылады. Бұл тұлғаны Н.Оралбаев *-а* сала, *-е* сала сияқты аналитикалық форманттарымен синонимдес қарастырады. Сонымен қатар, *-қалы, -келі, -гелі* тұлғаларын қатар қосады.

Ғалымдар жоғарыда ғалымдардың көрсеткен жоғарыдағы тұлғаларын көсемше тұлғалары деп танып, оның қатарын *-ғанше, -генше, -мастан, -местен, -майынша, -мейінше* тұлғаларымен толықтырған. Мұнда зерттеуші

А.Қалыбаева: «көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары есімше категорияларына ұйытқы болатынын сияқты, есімше тұлғаларының да көсемше жасауға негіз болатын қасиеті бар [26, б. 48]» - деген пікір білдіреді. Зерттеуші ертеден тілімізде мұндай заңдылық қалыптасқанын заңдылық деп қарайды. Ал, зерттеуші А.Томановта бұл тұлғалар кездеспейді. Ғалымның: «көсемше – шақтық мағынаға байланысты жасалады [26, б. 51]» деген пікірі негізінде оған ғалым *-а; -е; -ы; -й; -ұ, -ғы; -п; -пан; -ғалы, -гелі* қосымшаларын жатқызады.

Тюрколог А.Н. Кононов: «*-а, -е, -й* тұлғалы көсемшелер бұрын көнеленген барыс септігінен шыққан, келер шақтың *-ар, -ер* жұрнақтарына сай келеді [27, 32]», - деген пікір білдірген.

В.Котвич: «*-а* тұлғалы көсемше есімшеден тараған» деген тұжырым айтса, А.М. Щербак: «*-а* тұлғалы көсемше қимыл есімдерімен байланысты [28, б. 12]» - деп қарастырған. Демек, осыдан байқайтынымыз аталған көсемшелерге ғалымдардың екі түрлі көзқарасы болған.

Ал күрделенген етістіктің аналитикалық форманттарына төрт морфемалы аналитикалық форманттар жатады. Олар екі морфемалы етістіктің аналитикалық форманттарының бірігуінен жасалған, сондықтан бұлардың құрамында үнемі екі көмекші сөздер бар.

Аналитикалық форманттардың ұзақ уақыт сөзде бірге, қатар қолданылуының нәтижесінде олар бірімен бірі мағынасы жағынан кірігіп кеткен. Мысалы: *-п келе жатыр, -п бара жатыр, -п қоя бер, -п кеп кет, -п кеп қал, -п кеп жібер, -п сала бер, -п жүре бер, -п болып қал, т.б.* Тіл білімінде бұл мәселеге бірінші болып көңіл бөлген Қ.Жұбанов еді.

Түркологияда аналитикалық форманттар қатарында: *-а тұрған еді, -тұрған болса, -ған булур еді* деген күрделенген аналитикалық форманттар аталып жүр.

Көсемше категориясы арнаулы формалар арқылы жасалады. Ол формалар мыналар: *-ып, іп, п; -а, -е, -й; -қалы, -келі, -ғалы, келі, -ғанша, -қанша, -кенше* [29, б. 9].

Жоғарыда берілген анықтамаларға тоқтала келе, мына тұжырымға келдік:

Көсемшелер мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан бірде үстеу, бірде етістік қызметін атқаратын аралық категория болып табылады. Көсемше сөйлемде көбінесе динамикалық адвербал / етістіктен болған пысықтауыш қызметін атқарады.

Көсемшенің осы функциясы оны етістіктің өзге формаларынан ерекшелендіріп отыратын негізгі грамматикалық сипаты болып табылады. Мысалы, асығып сөйлейді, асыға сөйлейді деген тіркесте көсемше форма қалай деген сұраққа жауап беріп, сөйлеу деген етістіктің амалын білдіріп тұр.

Мысалы:

Сен кеткелі үш ай өтті.

Күн батқанша осында бол.

Берілген сөйлемдердегі көсемше формасы іс-әрекеттік мезгілін білдіріп, мезгіл үстеуі мәнін беріп, мезгіл пысықтауыш болып тұр. Ал сөйлескелі келдім тіркесіндегі көсемше іс-әрекеттің, қимылдың мақсатын білдіріп тұр.

Көсемшелер жеке дара сөз ретінде қолданылмайды, морфологиялық жағынан жалғаулармен түрленбейді. Олардың тек кейбір түрлері ғана жіктік жалғауларынан қабылдай алады. Ол формалар: *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п*.

Көсемшелер тек етістік негіздерімен және одан пайда болған формалармен ғана тіркесе алады. Ол формалар жоғарыда атап кеткен: *-а, -е, й* және *-ып, -іп, -п*.

Көсемшелер тек етістік негіздерімен және одан пайда болған формалармен ғана тіркесе алады. Олар субстантивтік адъективтік қызмет атқармайды. Сөйлемде тек пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады. Көсемше күрделі етістіктің құрамында, яғни аналитикалық форманың жетекші сыңары қызметін атқарады.

Көсемшенің барлық түрі де, сөйлемнің бағыныңқы түрінің ғана баяндауышы қызметін атқарады. Ал басыңқы түрінің баяндауышы функциясын тек жіктелетін формалар ғана атқарады.

Көсемше өзінің бойына етістіктің басты белгісі – шақтық қасиетін ұстайды. Яғни, шақ мәнін бере алады. Пысықтауыш қызметінде көсемше шақтық мәнді көмескі береді де, баяндауыш қызметінде анық бере алады. Міне, осы белгілер көсемшені басқа категориялардан айыруымызға себепші болады.

Көсемше тұлғалы баяндауыштар екі түрлі формада кездеседі. Біріншіден, дербес мағынасы бар етістіктердің көсемше тұлғасы арқылы баяндауыш болады.

Мысалы:

Ереуіл атқа ер *салмай*, Ерлердің ісі *бітер* ме?! (Махамбет)

Бір сәтте су бетіне мыңдаған ракеталар *атылып*, жібек қанаттар *желбіреп*, асылып-асылып тұра қалды (Ғ.Мүсірепов).

Екіншіден, дербес мағыналы етістіктерге көмекші сөздер түйдектеліп келіп, көсемше тұлғасында жұмсалады:


Қара басыма *пайдасыз екен* деп, мен көптің мұңын аяққа баса алмаймын (С.Мұқанов)

Жаңа жұмысшыларға техника *қатерсіздігін ұғындырмайынша*, шахтаға жіберуге тыйым салынған (Ғ.Мұстафин)

Бүгін ерте *келемін деп еді* (Ә.Нәбиев)

Көсемше – функциялық етістік. Ол етістікке тән категория болып табылатындығы жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірінен көруге болады. Ғалымдардың көсемшеге берген анықтамалары негізінде, көсемше - өзінен кейінгі етістікті сипаттайтын етістіктің ерекше түрі деп атауға болады. Ғалымдар көсемшенің барлық қырын, яғни күрделі етістік жасаудағы қызметін, аналитикалық формант құрамында қолданылуын, құрмалас сөйлем жасаудағы қызметін, тіпті, оның үстеуге тән категория емес екенін дәлелдеп көрсеткен.

Көсемшенің осындай сан қырлы жақтары оның етістіктің бір түрі болса да, өзі де етістік сияқты күрделі тілдік құбылыс деуге болады. Жанама қимылды әрқашан тек өз мағынасында тұрып білдіру – көсемшенің табиғатына сай келетін құбылыс.



2-сурет. Көсемшенің жіктелуі

Көсемшелі есім сөз тіркесін құрғанда ғана көсемше сипаттағыштық қызметте қолданылады. Етістіктің өзгермейтін бір түрі көсемшенің бойында әлі де болса оның зерттеуді қажет ететін тұстары бар екенін көрсетеді.

Көсемшеге қатысты зерттеулер негізінде, оны етістіктің бір түрі деп, ал оның мағынасы мен қызметіне қатысты:

-көсемшенің негізгі мағынасы: негізгі қимылды сипаттаушы жанама қимыл болса;

-көсемшенің сөйлемдегі негізгі қызметі: пысықтауыш болып табылатынын тілдік деректер толық қуаттайды.

Қазіргі таңда тілімізде қолданылу үстіндегі грамматикалық формаларға үңілу, оның мағынасы мен қызметін анықтау, оларға ғылыми талдау жасау - тіл тарихына назар аударуға жетелейді. Осы тұрғыдан келгенде, тілдің даму

барысында көсемше тұлғалары көбейіп, мағынасы әрі қызметі жағынан да жетілу үстінде.

1.4 Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын жасаудағы көмекші етістіктердің рөлі (тапсырмалар негізінде анықтау)

Етістіктің әрбір лексика-семантикалық тобының мазмұны, толықтығы, т.б. шарттар бойынша талданады. Тұрмыстық етістіктерге байланысты топтамадағы тіркестер: *өмір сүру*, яғни мұның құрамына *туылу, дүниеге келу, дем алу кіретін болса*, екінші бір тұрмыстық етістігі бұл: *жұмыс жасау*, бұл етістікке *ақша табу, демалу және қызмет ету етістіктер*, үшінші, *тамақтану, яғни, ішу, жеу, пісіру* етістіктері жатады.

4-түрі: киіну, бұған кию, жарасымды жүру, жуу, т.б. киімге байланысты етістіктер.

5- тұрмыс етістігінің түрі: ұйықтау, демалу, жуыну, ояну, өзін-өзі қалыпқа келтіру, т.б.

6-тұрмыстық етістігі: денсаулыққа қатысты – ауыру, науқастану, сауығу, аяққа тұрып кету, т.б.

Ұйықтау – тұрмыстық етістігі адам өміріндегі ең бір маңызды орын алатын рөлі болып табылады. Бұл етістік қай кезде де шығармаларда да, адам өміріндегі де көп кездесетін етістік. Ал семантикалық бірліктеріне: ұйықтау, жату, төсегін жаю немесе салу, ояну, қону, түнеу етістіктері, яғни біреудің үйіне жатып шығу, қонақтау.

Абай таңалдында кірпік ілгені болмаса, бұл түнді ұйқысыз өткізді (М.Әуезов)

Киіну – адам ғұмырындағы қажетті амал, іс-әрекеттің бірі болып табылады. Бұл тұрмыстық етістіктердің семантикалық бірліктеріне: жамылу, жуу, кию, т.б. етістіктері.

Тамақтану – адам өміріндегі аса маңызды қажетті процесс. Тамақтануға қатысты қазақ тілінде мынадай семантикалық бірліктер бар: азықтану, қоректену, ауқаттану, түстену, жұтыну, яғни сұйық асты өңіштен толассыз өткізу, ішу.

Ауыру – адам өміріндегі адамның бір басынан өтетін процесс. Бұған да қатысты семантикалық бірліктер бар: науқастану, сырқаттану, дерттену, дімкәстану, кеселдену, дірілдеу және қалтырау.

Өмір сүру – адам баласының дүниеге келуі, қатысты семантикалық бірліктер: дүниеге келу, жаратылу, өсу, туылу, туу.

Мысалы:

Көрінгелі жаралды өлмек үшін,

Көңілдің тілегенін бермек үшін.

Айтпаймын Құдай мені жаратты деп,

Ойыншық қып сынауға ермек үшін (Абай)

Мені туған анадан сізде туған едіңіз дегісі келген еді, оны айтқан жоқ (Ә.Әбішев) [27, б. 86]

Жұмыс жасау – адамдардың өмір сүру мақсатындағы әр алуан іс-әрекеті, қимылы және еңбегі. Семантикалық бірліктері: іс істеу, қызмет ету, ақша табу, еңбек ету, қарекет жасау, т.б.

Әрбір тілдің ең негізгі саласы – грамматика. Егер қандай да бір тілдерді салыстырмалы зерттеу жасасақ, грамматикалық өзгерістер айқындалады. Әр тілдің грамматикалық өзгерістеріне етістік негізгі рөл алады. Ендеше, аталған ережелерді тапсырмалар негізінде дәлелдеп көрейік:

Мысалы,

Тапсырмалар: 7-сынып Қазақ тілі оқылуынан сәйкестендірілген («Атамұра»)

1-тапсырма. Берілген етістіктерден етістіктердің аналитикалық формасын жасап, сөйлем құра.

Үлгі: жазу – жаза алу (ЕАФ); Мақсат анағұрлым көркем жаза алады.

Көшіру, айту, жату, ұйықтау, көтеру, жуу, оқу, кіру, пісіру, жету, салу, босату, көру, тарту, тігу, көрсету, танысу, тандау, жүру.

2-тапсырма. Берілген сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіңіз.

Үлгі:

Мына жерді сүрт – мына жерді сүртіп ал (ЕАФ)

1. Ағамды шақырмадым. 2. Қонақтарды күтейік. 3. Жазда олар жағажайға барды. 4. Тамағыңды же. 5. Ертең біз үйді жинаймыз. 6. Оның мекен-жайын жаздың ба? 7. Көйлекті жаңа жылға дейін тоқиын. 8. Мен онда азық-түлік дүкеніне барайын. 9. Әуелі етті пісіру керек. 10. Бауырсақты қалай жасайтынын көр. 11. Баланы көтер!

3-тапсырма. Ертегіні өзің жалағыстыр. Оқып шығып, етістіктің аналитикалық форманттарын тап. Оны күрделі етістіктермен салыстыр.

Кіші баласы бақыт іздеп шықса, бір теректің түбінде жылап отырған шалға тап болады.

Жігіт: - О, не қылған жансың, неге жылайсың? – дейді.

Сонда шал: - Мен не заманнан бері осы терекпен күн көріп келе жатыр едім. Қазір терегім қуарып, жапырғы түсіп, жеміс беруден қалды. Мен соған жылап отырмын, ал өзің қайда барасың? – дейді.

Жігіт: - Бақыт іздеп барамын, - дейді. Сонда шал: - Егер сен бақытты тапсаң: не себептен менің терегім жеміс бермей қалды екен, соны сұрашы, - дейді.

Жігіт: - Жарайды ата, егер көрсем міндетті түрде сұрайын, - деп жауап қатады.

4-тапсырма.

Көмекші етістіктің қатысымен күрделі өткен шақ категориясын жасайтын аналитикалық форманттар қатарын толықтыр:

-ған екен (барған екен);

-атын екен (баратын екен);

-ады екен (барады екен);

-са екен (барса екен);

-... .. екен (барар ма екен);

- ... жатыр екен (бара жатыр екен)
- тұр екен, ... екен, ... екен, - арқылы (сөйлеп тұр екен, жүр екен, отыр екен).

5-тапсырма.

Толымсыз көмекші етістіктер арқылы жасалған ЕАФ-на сөз тіркестерін жаса:

- ып еді (айтып еді)
- са игі еді (..... ..)
- қан еді (..... ..)
- ушы еді (..... ..)
- атын еді (..... ..)
- а жатқан еді (... ..)
- ар еді (..... ..)

6-тапсырма.

- й бер амалдың тоқтаусыз жүзеге асуын білдіретін ЕАФ жаз. Мысалы: жасай бер, сөйлей кел, құлай кет, т.б.

- п бер амалдың бөгде адам үшін істелетінін көрсететін ЕАФ жаз. Мысалы: айтып бер, жазып бер, алып бер, т.б.

- п бар – амалдың бірте-бірте я үдеуін, я бәсеңдеуін білдіретін реңк үстеуші ЕАФ жаз. Мысалы: кетіп барады, тасып барады, бітіп барады, т.б.

- а, е ал – амалдың жүзеге асу я орындалу мүмкіндігін білдіретін реңк жасаушы ЕАФ жаз. Мысалы: үйден шыға алмадым, көтере аласың ба, бітіре аласың ба?, т.б.

-п, ал – форманттары арқылы істі басқа іске көшпей тұрып, ірекетті әуелі жасап алуды қалайтын мән үстеуші ЕАФ жаз. Мысалы: көріп ал, жұлып ал, сыпырып ал, жуынып ал, сөйлеп ал, т.б.

2-кесте. Бағалау критерийі

Бағалау критерийі	Дескриптор
ЕАФ туралы ережені біледі	ЕАФ туралы ережені есте сақтай алады.
ЕАФ-ын мәтін ішінен табады, күрделі етістікпен салыстырады	ЕАФ-ын мәтін ішінен таба алады, күрделі етістікпен салыстыра алады
ЕАФ-ын қатыстыра сөйлем мен сөз тіркестерін жасайды	ЕАФ-ын қатыстыра сөйлем құрай алады, сөз тіркестерін жасай алады.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫН МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Етістіктің аналитикалық формаларын меңгертудегі өзекті мәселелер

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, осылайша оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Заман талабына сай білім беру студенттердің адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және білім алушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат білім алушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, білім алушы үшін одан да маңызды. Жаңа инновациялық технологиялар білім алушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Осы тұрғыда жеке технологияларды біз таңдап алған тақырыпта да кеңінен пайдалана аламыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді.

Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (Ж.Қараев), «Сын тұрғысынан ойлау (СТО)» «Дамыта оқыту технологиясы», «Ізгілендіре оқыту технологиясы», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)», «Компьютерлік оқыту технологиясы», «Деңгейлеп оқыту технологиясы», «Саралап оқыту технологиясы» мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде. Осыдан келіп жаңа оқыту стратегиялары (әдіс-тәсілдері) пайда болды. Атап айтқанда, «Дискуссиялық карта», «Семантикалық карта», «Ментальды карта», «Болжау әдісі», «Екі түрлі күнделік», «Ыстық орындық» т.б. әдістер.

Мұндай әдіс-тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әртүрлі әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктері мол. Сондықтан түпкі нәтижені танудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Оқытудың әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ.

Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайда білім алушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әр сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдер енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны дұрыс. Сабақ формалары: топтық, жұптық, өздік түрде ұйымдастырылады.

Білім беруде білім алушыны білім ақпарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс айналысуға үйретуіміз керек. Тиімді әдістердің бірі – кейс-стади әдісі.


Кейс-стади әдісінің негізгі мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырады, білім алушыны қолайлы қарым-қатынасқа дайындап, жеке тұлға етіп қалыптастырады. Коммуникативті құзыреттілік аясының ең тиімді әдістерінің бірі де бірегейі – кейс-стади болып табылады.

Кейс технология – қысқа мерзімді оқытуға лайықталған шынайы және ойдан шығарылған жағдайларға құрылған интерактивті технология. Интерактивті дегеніміздің себебі – әдістеме мұғалімдердің дәстүрлі және қашықтан консультация беруіне негізделген. Сабақ барысы мәтіндік, аудио-визуалды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды пайдалануға негізделген. Демек, **Кейс технологиясы** (ағылшын тілінен case – портфель) – негізінен оқытуда әдістемелік материалдармен іске асырылады.


Жалпы, бұл әдістеменің тарихына шолар болсақ, **кейс-технологиясы** ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектептерінде пайда болған. Кейс-стади амал-тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі («Метод конкретных учебных ситуаций») болып аталған бұл әдістеме алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, онда кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен [28, б. 12].

Кейс амал-тәсілі алғашында бизнес мектептерінде ғана қолданылып келсе, бүгінгі таңда бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, саясаттану, мәдениеттану, медицина, т.б. ғылымдарда кеңінен қолданылып келеді.

Қазір кейс-стади әдістемесін педагогикада қолданысқа енгізген ғалымдар: Л. Барис, В.А. Ясвин, К. Кристенсен, Э. Хансен, М.В. Коротков, М.В. Кларин, А.И. Наумова, А.М. Зобина, М.С. Керимбаева, т.б. [29, б. 17]



3-сурет. Кейс технологиясының негізгі ерекшеліктері



4-сурет. Кейс технологиясының негізгі мақсаты

Бүгінде экономикалық және әлеуметтік мамандықтар бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне айналған **case-study** әдісі теориялық білім алған білім алушыларды болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды.

Сонымен, case-study - таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Сол себепті де кейс-стадиді кейде «*нақты оқу ситуациялар әдісі*» [29, б. 17] деп те атайды.

Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай», «оқиға» дегенді білдіреді (бұл жерде оны «қапшық», «сөмке», «шабадан» деп аударудың қисыны жоқ). Сонда «кейс» деген сөз біздің ұғымымызда жағдаятты (ситуацияны) сипаттауды, суреттеуді білдіреді. Ол қандай да бір субъектің (мәселен, фирма, кәсіпорын, ұйым, аймақ, т.б.) тарихын (пайда болуы мен өсуі) және даму нәтижелерін сипаттайды.

Ал кейс-стади дегеніміз – кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын сабақтың нысаны (формасы).

Кейс-стади мақсаты – білім алушыларды келесідей әрекеттерге жұмылдыру:

- кез келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдау;
- негізгі проблемаларды айқындау;
- проблемаларды шешудің әртүрлі балама жолдарын табу (ситуация - көп шешімі және баламасы бар оқиға екендігін ұмытпайық);
- сараптау арқылы олардың ішінен ең тиімдісін таңдау;
- өз іс-әрекеттерін жоспарлау.

Кейс-стади практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады.

Кейс-стади әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы үйренушілер ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады.

Кейстерді қолдану әдісі алғаш рет ХХ-ғасырдың бас кезінде Еуропа университеттерінде құқықтану және медицина пәндері бойынша білім алушыларды үйретуде қолдана бастаған. Бұл кезде кейс-стади құқықтық немесе медициналық практикада орын алған оқиғаларды (прецеденттерді) зерттеу тәсілі ретінде танылып, оның негізін білім алушылардың өздік жұмыстары құрады: практикалық оқиғаны зерттеу үшін білім алушылар көптеген теориялық мағлұматтарды қарастыруға мәжбүр болды.

1910 жылы америкалық профессор Копленд (Copeland) нақты ситуацияларды талдауда пікірталасты бизнеске оқыту әдісі ретінде қолдана бастайды. Ал бизнес пәндері бойынша оқудың негізгі әдісіне кейс-стади тек 1920-шы жылдарда Гарвард университетінің (АҚШ) Бизнес мектебінде ғана айналған [30, б. 25]. Кейстердің бірінші жинағы 1921 жылы «The Case Method at the Harvard Business School» деген атпен осы университет баспасынан шыққан.

Бүгінгі күні кейс-стадидің екі негізгі мектебі қалыптасқан: америкалық (Гарвардтық мектеп) және батыс еуропалық (Манчестер мектебі). Олардың айырмашылығы көлемі мен дұрыс шешім келтіру тұрғысында ғана:

1. америкалық кейстер (20-25 бет және 8-10 беттен тұратын қосымша мен иллюстрациялар) еуропалықтардан 1,5-2 еседей көлемдірек болып келеді;

2. гарвардтық кейстер білім алушылардан бір ғана дұрыс шешім іздеуді талап етеді, ал еуропалық кейстердің шешімдері біреу емей, сан қилы болып келеді:

мұндағы ең басты мәселе – білім алушылардың өз шешімдері мен көзқарастарын теориялық тұрғыдан негіздеп, оларды дәлелдеп және қорғап шығуы; еуропалық кейстерде оқытушы көзқарастардың сан алуандығын және пікірталастардың өрбуін қолдап отырады [30, б. 18], алайда ол білім алушыларды кейстердің дұрыс шешіміне қарай жетелемейді.

Кейстің жан-жақты анықтамасы 1954 жылы шыққан Гарвард бизнес мектебінің басылымында келтірілген: «білім алушылар пен педагогтардың бизнес проблемалары немесе ситуациялары бойынша пікірталастарға

қатынасатын оқу/оқыту әдісі. Бизнестің өзекті проблемаларының мысалы ретінде ситуациялар жазба түрде келтіріледі.

Білім алушылар оларды өзіндік тұрғыдан зерттеп, қарастырады. Білім алушылардың бұл жұмысы болашақта педагогтың басқаруымен сыныпта бірлесе талқыланып, пікір таластырудың негізі болады. Сонымен, Кейс-стади әдісі арнайы дайындалған оқу материалдары мен бұл материалдарды оқу процесінде қолданудың арнайы технологиясынан тұрады [30, б. 21]».

Кейс-стадидің басты қағидасы «**Ақиқатты іздену - ақиқаттың өзінен де маңызды**» деп тұжырымдауға болады, өйткені бұл әдіс оқу / үйренуді *іздену процесі* ретінде қарастырады: оның негізін *проблема шешу* деп танып, *талқылау* мен *пікірталасты*, *шешім қабылдауды* оның басты құралдары қатарына жатқызады.

Кейс-стади әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біртұтас күрделі жүйеге біріктіреді. Олардың қатарына келесідей бірлескен жұмыс тәсілдерін жатқызуға болады:

- ой қозғау,
- модельдеу,
- пікірталас,
- талқылау мен жүйелі талдау,
- іскерлік және рөлдік ойындар,
- тәжірибе жасау,
- проблемалық әдіс,
- жазу тәсілдері [31, б. 69].

Бұнымен қатар кейс-стадидің басқа да артықшылықтарын келтіруге тұрарлық:

1. Білім алушылар білім алу процесінде таңдау еркіндігіне ие болып, оқытушыны, пәндерді, оқу тәсілдерін, тапсырмаларды және оларды орындау жолдарын таңдай алады.

2. Мұғалімдер білім алушыларға теориялық мәліметті толығымен «бермей», тек негізгі ұғымдарға тоқталып, білім алушылардың теорияны практикалық тұрғыдан қолдануын қадағалайды.

3. Үйренушілерде өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады, олар ақпаратпен тиімді түрде жұмыс жасауды үйреніп, оның орасан зор көлемінен өзіне қажеттісін таңдап, шешім қабылдауға, сол арқылы жауапкершілікке, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға үйренеді.

4. Ұстаз бен білім алушы арасында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық нығаяды, оқытушы әрбір білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың жағымды қасиеттеріне көңіл аударады.

5. Білім алушылар абстракциялы біліммен айналыспай, нақты нәтижеге әкелетін мәселелерді қарастыру арқылы өмірде (кәсіби практикада) кездесетін ситуацияларды зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастырады.

6. Білім алушылар өз шешімдерін дәлелдеуге машықтанады, шешімдердің барлық баламаларын дұрыс бағалап, басқа пікірлерді ескеріп, олармен санасуды үйренеді.

7. Білім алушылар проблемаларды шешуде қажетті көрнекі материалдармен қамтамасыздандырылады (ғылыми әдебиет, мақалалар, видео-және аудиокассеталар, CD дискілері, кейсте қызметі қарастырылатын компаниялардың өнімдері) [32, б. 221].

Кейстерді сабақтарда келесідей тәртіпте қолдануға болады:

1. Дайындық.

Мұғалім сабаққа дейін кейс тандап, оның негізгі және қосалқы материалдарын анықтайды, жұмыс жоспарын құрастырады. Кейс білім алушыларға сабақ алдында (бір-екі күн бұрын) таратылып беріледі: олар кейстің мазмұны мен ұсынылған әдебиет тізімімен жеке-жеке танысады, кейс бойынша өзіндік пікір қалыптастырады.

2. Топтық жұмыс.

Сабақта білім алушылар тобы 4-5 адамнан құрылған шағын топтарға бөлініп, 1,5-2 сағат ішінде кейсті талқылайды, онда қойылған мәселелердің шешімдерін бірлесе іздестіреді. Бұл кезеңде білім алушылардың шағын топтары бір-біріне бөгет жасамау үшін әртүрлі бөлмелерде жұмыс жасағаны дұрыс.

3. Пікірталас.

Білім алушылар толық құрамда бір аудиторияға жиналып, кейс бойынша пікірталас басталады. Мұнда әр топтан сөйлеушілер (спикерлер) шығып, топтың пікірі мен көзқарастырын дәлелдейді. Дәлелдеуде алдын-ала әзірлеген кестелер, схемалар, таблицаларды пайдалану керек. Басқа топтардың білім алушылары әр пікірді талқылауға қатысады, бір-біріне сұрақ қойып, проблеманы шешудің басқа да варианттарын ұсынады. Үйренушілер өздерін белсенді ұстап, талқылау мен пікірталастан қалыс қалмауы керек.

4. Қорытындылау.

Пікірталас аяқталған соң оқытушы сабақты сараптап, білім алушылардың көзқарастары мен әрекеттеріне баға береді.

5. Бағалау.

Білім алушылар өздерінің жасаған жұмысы (пікірі, көзқарасы, шешімі) бойынша жазбаша есеп береді. Жазу уақыты мен форматын (көлемі және басқа да талаптар) оқытушы сабақтың мақсаттарына сай белгілейді.

Кейс-стадиде оқытушы талқылауды ұйымдастырушы және жүргізуші рөлдерін атқарады. Ол білім алушыларды өз көзқарастарын қабылдауға күштемей, талқылау барысын сабақ мақсаттарында көрсетілген нәтижелеріне бағыттап отырады, барлық білім алушылардың пікірталастан тыс қалмай, жұмысқа белсене қатысуын қадағалайды.

Кейс-стадиді оқу процесінде қолданғанда келесі ережелерді ескерген орынды:

- Проблемалық ситуация бір тақырып немесе бір пәннің мазмұнымен шектелмейді, әдетте ол басқа пәндердің проблемалары мен мәселелерімен

тығыз байланыста болады. Кейс-стадиде үйренушілер пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын көрсете білуі қажет.

- Білім алушылар пән бағдарламасында сипатталған тұжырымдар, идеялар мен тәсілдерді түсінетіндігін, оларды нақты ситуацияны талдау мен ұсыныстар жасау үшін қолдана білетіндігін көрсете білуі қажет. Үйренушілер проблемалық ситуацияны интерпретациялаудың (өзіндік тұрғыдан түсінудің) бірнеше жолы болатындығына дайын болуы керек.

- Ситуацияда бірнеше шешілмеген проблема болуы мүмкін, сол себепті де білім алушылар бір проблеманың шешімін тапқан соң, басқа да проблемаларды іздестіріп, оларды талдаудың бағыттарын анықтауы керек.

- Білім алушылар өз шешімдері мен ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдеу үшін өздерінің жеке тәжірибесінен мысалдар келтіруі керек.

Кейстің форматы қандай болады?

Ситуацияларды жан-жақты жазбаша сипаттайтын кейстердің шет елдерде кеңінен тараған форматы келесідей:

1. Мұқаба.

Мұнда кейстің атауы, авторы, жазылған жылы келтіріледі.

2. Кіріспе.

Компания немесе фирманың даму тарихы сипатталып, басты кейіпкерлер суреттеледі, оқиғаның басталу уақыты көрсетіледі.

3. Негізгі бөлім.

Ақпараттың негізгі бөлігі беріледі. Мұнда шешімі қажет проблема нақтыланып, оның қиындық туғызатын жерлері келтіріледі, білім алушыларға сұрақтар қойылып, тапсырмалар ұсынылады.

Негізгі бөлімнің кең тараған құрылымы келесідей:

- Субъектің жұмысына өзгертулер енгізу (техникалық тұрғыдан, жұмыс күші, жұмыс процесі, өнім тұрғысынан) қажеттілігі сипатталады.

- Өзгертулер негізделеді (дәлелдеу, ақпарат көздері мен тұжырымдарды келтіру).

- Өзгертулерді практикаға енгізу әдістері мен тәсілдері ұсынылады.

- Өзгертулер қандай тиімді нәтижелерге қол жеткізетіндігі келтіріледі.

- Кейс бойынша негізгі сұрақтар (мәселелер) беріледі.

4. Қорытынды бөлім.

Ұсынған проблеманы шешудің талаптары келтіріліп, білім алушыларға тапсырмалар беріледі.

5. Қосымша.

Проблеманы шешу үшін қажетті ақпарат: компанияның қаржылық ахуалы (есебі) немесе активтері, құжаттардың көшірмелері, фотолар, компания өнімдерінің тізімдері немесе сипаттамасы, компанияның инфрақұрылымы, т.б.

Кейстің мұғалімдерге арналған толық нұсқасына бұлардан басқа келесі мәліметтер де кіреді (олар алайда білім алушыларға арналған нұсқаларда жарияланбайды):

- проблемаларды шешудің мүмкін жолдары - кейстің негізінде жатқан оқиға нақты өмірден алынғандықтан, мұнда келтірілген ситуацияның жалғасы өмірде (практикада, өндірісте) қандай болғандығы сипатталады;

- мұғалімге арналған нұсқаулық (teaching note) - мұнда кейс авторының талдауы келтіріліп, білім алушылардың талқылау жұмысын қалайша ұйымдастыруға болатындығы туралы оқытушыға арналған кеңестер беріледі.

Кейсте қарастырылатын нақты жағдаяттар (ситуациялар) қандай болу керек?

1. Ситуация практикадан (өмірден) алынуы керек.

Практикалық маңызы бар бұл ситуацияны (мәселен, бизнес тарихынан немесе практикасынан алынған оқиға) білім алушы топта талқылау барысында шығармашылық атмосфера тудыруы керек, яғни ол барлық білім алушыларға қызық болып, пікір алмасу мен таластарға әкелуі керек.

Практикада кездесетін ситуацияларды екі түрде келтіруге болады:

а) Өмірде болған оқиғалар мен әрекеттердің негізінде (кейде мұндай кейстерді «далалық» деп те атайды).

ә) Жасанды ситуациялардың негізінде («кабинеттік»).

2. Ситуация бір нәрсеге үйрету керек.

Ситуацияны талқылау арқылы пән немесе тақырып бойынша белгілі бір прагматикалық нәтижелерге жетуді мақсат тұту керек. «Білім алушылар қандай білік, дағды, машықтарды игереді?» деген сұраққа жауап беру.

3. Ситуацияда шешім қабылдауды қажет ететін ішкі шиеленіс немесе жұмбақ болуы керек.

Кейсте келтірілген оқиға аудиторияда талқыланып, ол жөнінде пікірталас ұйымдастырумен бірге бұл ситуация қандай да бір шешім қабылдаумен аяқталуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, ситуация өзекті бір проблеманы шешуді талап етуі керек. Сол арқылы білім алушылар өздерінің практикалық біліктері мен дағдыларын ұштай түседі.

4. Ситуацияда ақпарат мөлшері көп болуы керек.

Ақпараттың көптігі, біріншіден, таңдауды қажет ететін болса, екіншіден, үйренушілерден басқа ақпарат көздерін тауып, қолдануды талап етуі керек.

Case-study әдісі үйренушілерде келесідей кәсіби, әдістемелік және коммуникативтік құзырлылықтарды қалыптастырады:

- Пән аралық байланыстарды айқындау.
- Көшбасшылыққа ұмтылу.
- Қысқа уақыт ішінде жүйеленбеген, ретке келтірілмеген ақпаратты талдау.
- Сыни, конструктивтік, аналитикалық және жүйелі тұрғыдан ойлау.
- Сәттілікке бағытталу, жеңімпаз психологиясын дамыту.
- Балама (альтернативтік) шешімдерді бағалау.
- Нақты кәсіби біліктерді (мәселен, кәсіпорын жұмысы) игеру.
- Өздері атқарған жұмыстың (талқылау, талдау, жоба, т.б.) нәтижелерін жариялау (презентациялау).

- Белгіленген уақыт ішінде ақпараттың жетіспеушілігі (немесе, керісінше, оның көлемінің тым көп болуы) мен уақыт тапшылығы жағдайында шешім қабылдау және оның салдарын бағалау.

- Қарым-қатынас дағдылары мен бірлесе (команда құрамында) жұмыс жасау машықтарын игеру.

Кейстің үлгісі

Біздің тақырып - күрделі етістіктерден ЕАФ-рын ажыратып алып, оларға жеткілікті түрде түсініктеме бере өтіп, оны оқыту мен зерттелу тарихына шолу жасап, бүгінгі оқытуда қалай қолданса тиімді боларына барлау жасау. Сондықтан, енді қазіргі қазақ тілінің педагогикалық бағдарлама аясына сәйкес жалпы білім беретін мектептер жүйесіне енгізу талаптарын назарға алып көрелік. Жоғарғы оқу орындарында морфология, оның ішінде етістік тақырыбы тереңірек қамтылады.

Баяндауда ЕАФ-ры араласқан нақты ситуацияны талдау (кейстің ықшамдалған нұсқасы)

Кейс амал-тәсілдерін пайдалануда мына мәселелер:

1. Білім алушылардың ЕАФ-ын меңгеру дағдысын жетілдіруге алдын-ала дайындалған мәтіндер не тапсырмалар беру;

2. Микротоптардың басшыларымен өздерінің ойларын бөлісу, бірге талдау, басшының білім алушылар түсінбегенде микросабактар өту;

3. Топты бірнеше микротоптарға бөлінуі;

4. Әрбір топтың өзінің басшысы болуы;

5. Мұғалім бағыт-бағдар беруші, бақылаушы рөлінде ойнауы ескеріледі. Сонымен қатар кейстік амал-тәсілде жағдаяттарға байланысты мынадай бес түрлі пікірсайыс ұйымдастырылды:

1. Оқытушы білім алушыға қарсы сұрақ береді.

2. Оқытушы – білім алушыдан өзінің тапсырма жайлы болжамын сұрайды.

3. Білім алушы – білім алушы ролдік ойындар да қолданылады.

4. Мұғалім білім алушыдан өзінің тапсырма жайлы болжамын сұрайды.

5. Білім алушы – білім алушымен пікірталасады.

Кейс бірыңғай ақпараттық кешен болғандықтан ол үш түрлі бөлімнен тұрады:

1. Кейс дайындау бөлімі.

2. Нақты жағдаяттар бөлімі.

3. Кейске кіретін қосымша тапсырмалар.

Мектеп бағдарламасына етістіктің аналитикалық форманттарын енгізуде кейс мынадай кезеңдер бойынша дайындалды:

1-кезең. ЖОО білім алушыларына ЕАФ-ы туралы анықтама беру;

2-кезең. ЕАФ туралы материалдар жинақтау;

3-кезең. ЕАФ тақырыбына арналған тапсырмаларды жинақтау;

4-кезең. Сабактың қай кезеңіне кіргізуге болатынын болжау;

5-кезең. Үйренушілерден күтілетін нәтиже.

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейсте кездесетін кемшіліктерді жою;

7-кезең. ЕАФ оқытуға арналған тиімді тапсырмалар жүйесін қазақ тілі сабағына енгізу.

Кейс амал-тәсілдері қолданылған сабақтарда сыныпты 4 адамнан тұратын микротоптарға бөлдік.

Олар:

1. Сарапшы – әрбір топтың өз сарапшысы болады (эксперт). Сарапшының міндеті микротоптарға қатысып отырған білім алушылардың жауаптарын қорытындылау. Керек болса, микросабактар өту. Білім алушылар жауаптарының дұрыс не бұрыстығын сарапшыға тексертеді.

2. Жол сілтеуші- тапсырманы басқалардан ерте орындайтын, әдетте жақсы оқитын білім алушылар. Ол білім алушылар жауап таба алмай жатқанда, дұрыс жолды айта біледі.

3. Баяндаушы - тапсырмада берілген мәтін не басқа жағдаяттарға еніп, басқа білім алушыларға шартты түсіндіруші.

4. Қарсы сұрақ қоюшы – бір үйренуші басқа үйренушілердің айтқан пікірлеріне келіспей әдейі қарсы сұрақтар қояды. Бұл олардың өз пікірлерін басқа біреуге дәлелдеуге үйретеді.

1-кезең. **Берілетін ақпарат.**

Қазақ тіл білімінде сөздің аналитикалық формасына арналған жеке еңбек жоқ. Бұл жағдай аналитикалық формаларға байланысты тіл фактілері мүлдем зерттелмеген деген ұғымды білдірмейді. Аналитикалық формалардың бір түрі күрделі етістік деп танылып, екінші бір тобы грамматикалық категориялардың көрсеткіші ретінде танылып, бірді аналитикалық форма деп аталып, бірде аталмай келді. Ғалым Қ.Жұбанов *отыр, жатыр, тұр* көмекші етістіктерін көрсете отырып, бұлардың осы шақтың күрделі формасынын да жасай алатынын меңзеді: көбейіп келе жатыр, күшейіп бара жатыр, айтып жүр, т.б.

2-кезең. ЕАФ мысал келтірейік, «Осыны Құлыншақ маған қиса екен! Қонбаса екен!»- деп, әкеме өтініш айтыпты (М.Ә.) осы сөйлемде қиса екен, қонбаса екен деген етістіктер сөйлемде *қию, қону* деген екі лексикалық мағынаны білдіреді, *екен* лексикалық мағына бермейді. Бұл етістіктер қалау мағынасында қолданылғанға ұқсағанымен, шартты райдың *-са* жұрнағы шартты мағынаны беріп тұр.

3-кезең. ЕАФ тақырыбына арналған тапсырма. Мына сөйлемдерден ЕАФ-ын тауып астын сыз [33, б. 156].

Әсия хатын бұдан әрі оқи алмады (Х.Р.). Аздан соң жүре алмай, осы араға кеп құлаппын (З.Ш.), Әне, соны көтере алды ма? (З.Ш.), Мұны сүйеп жүр, қызмет істей адатын жігіт екен!- деді Николай губернаторға самсаған сары қолдың көзінше Итбайды тапсырып, қолын қысып (С.М.)

4-кезең. (Сабақтың қай кезеңіне кіргізуге болатынын болжау) Аталған тақырыпты күрделі етістік тақырыбынан кейін оқыту тиімді. 7-сынып бағдарламасында арнайы етістікке арналған 18 сағат берілген екен. Оқытылу жағдайында күрделі етістіктің жасалу жолдары білім алушыларға түсіндірілген соң, ЕАФ тақырыбын түсіндіруге болады. Жаңа сабақ кезеңінде тақырыпты білім алушыларға айқындап беру керек.

5-кезең. Білім алушылардан күтілетін нәтиже.

Біздің экспериментті сабақтарымызда білім алушылар ЕАФ-ры тақырыбын қаншалықты түсінді, қызығушылық танытты не немқұрайлы қарады деген сауалға жауап табу барысында тест сұрақтарын алдық.

Қорытынды сұрағы:

ЕАФ-ын түсіне отыра, күрделі етістіктен ажырата аламын ба?



5-сурет. Сауалнама көрсеткіші

Көк түстегі білім алушылар: «Иә, түсіндім, күрделі етістіктен ажырата аламын» - 18,8%;

Қоңыр түсте: «Иә, түсіндім, бірақ ажырату қиын» - 10% мөлшерінде.

Сұр түсте: «Қызығушылық тудырды. Бірақ әлі қарауым керек...» - 1,4%;

Сары түстегі білім алушылар: «Жоқ, ештеңе түсінебдім» - 1,2% құрады.

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейсте кездесетін кемшіліктерді жою керек екенін ескер отыра,

7-кезең. Аталған тақырып осыған дейін мектеп бағдарламасында жоқ болса, енді тақырыпты белгілі бір мөлшерде қызықты тапсырмалармен 7-сынып бағдарламаларына қосуға болатынын аңғартты.

3-кесте. Топ жұмысын бағалау кестесі

Критерий-лер	Идеяларды ұсыну	Жолдас-тарын топ жұмысына жұмылдыру	Идеялардың дербестігі	Сұрақ қою	Сұрақтарға жауап беру	Белсенді түрде тыңдау	Жалпы балл
Топ мүшелері							
Мұрат	+	+	+	+	+		5
Қаламқас	+	+	+	+	+	+	6

Маруана		+		+	+	+	4
Бақытгүл	+		+			+	3
Топ бойынша	3	3	3	3	3	3	18 немесе 75 %

4-кесте. Білім алушылардың берілген тақырып бойынша пікірталасқа қатысуын бақылау парағы

Білім алушының аты-жөні _____					
Әрекеттері	Қандай жиілікте	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
	Берілген тапсырма мен сұрақтарды түсініп алуға тырысып, басқалармен бөліседі.				
	Оқулыққа сүйенбей, идеялар мен ойлар келтіреді.				
	Тыңдай біліп, сөйлеушіні қуаттап отырады.				
	Өз пікірлерін дерек көздерімен немесе практикамен дәлелдейді.				
	Пән ауқымында қалмай, пікірлерін кең тұрғыдан қалыптастырады.				
	Пікірлерді қорытындалау мен жалпыламалауға ұмтылады.				
	Басқаларды тыңдайды, бөтен пікірмен санасады.				
	Өз ойларын басқа пікірлермен салыстырып, қорытынды шығарады.				
	Жаңа түсініктердің пайда болуына мүдделі.				

Бұл парақта студент жұмысын «+» немесе «-» белгілерін қойып бағалауға болады.

Төменде келтірілген кестеде жеке студенттің жұмысы бағаланбай, сабақтың барысы бақыланады. Бақылаушы парақтың оң жағындағы бағанға өз пікірлерін келтіреді.

5-кесте. Сабақты бағалау парағы

Пән _____ Мұғалімі _____ Уақыты _____	
Талаптар	Комментарий
Аудиториядағы психологиялық климат	
Студенттердің қызығушылығы (мотивациясы)	
Студенттердің белсенділігі	
Студенттердің бірлесе жұмыс жасауы	
Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану	
Сабақ құрылымының жүйелілігі	
Мұғалім мен студенттер қолданған әдіс-тәсілдер	
Бағалау тәсілдерін қолдану	
Сабақтың нәтижелігі туралы жалпылама пікір	

1-тапсырма.

Тапсырма: Кейс-стади әдісімен ЕАФ-тар мен күрделі етістіктердің айырмашылығы мен ерекшелігін көрсету

Мақсаты: Студенттердің күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктерді ажырата алуы, жасалу жолдарын, сөйлемдегі қызметін және етістік жасау формаларын, лексика-семантикалық, грамматикалық мағыналарын жіктеп тану.

Уақыты: 10-15 минут

Тапсырма барысы:

1. Студенттерді екі топқа бөлу.
2. Топтарға тақырыптарды бөлу.

1-

1-тақырып(1-топқа):

- ✓ Н. Оралбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форматтары» еңбегіндегі күрделі етістік пен аналитикалық формалы етістіктің айырмашылығы мен ерекшелігін көрсету.
- ✓ Аналитикалық етістік жасаушы формаларға тоқталу



2-топ

2-тақырып (2-топқа):

- ✓ Ы. Мамановтың «Тіл білімінің мәселелері» еңбегіндегі күрделі етістік пен аналитикалық формалы етістіктер жіктелген бе? Болмаса қалай берілген? (анықтаңыз)
- ✓ Аналитикалық формалы етістіктердің грамматикалық мағынасына тоқталу.

Дискриптор:

1. Ғалымдардың еңбегі бойынша күрделі етістіктер мен ЕАФ-тардың ерекшелігі мен айырмашылығын көрсетеді.
2. Кітаптан мысалдар мен дәлелдер келтіреді.
3. Екінші тақырып бойынша 5-10 мысал әкеліп, сөйлем немесе мәтін бойынша функционалдық қызметіне тоқталады.

Нәтиже:

Ғалымдардың еңбектеріндегі аналитикалық етістік тақырыбына тереңірек тоқталады. Топтар білім алмасады. Мақсатта көзделген аналитикалық формалар, түрлері, лексикалық-грамматикалық қызметтерін анықтайды. Күрделі етістер мен аналитикалық етістіктерді ажыратады.

2.2 Етістіктің аналитикалық формаларын басқа тілдік құбылыстардан ажыратуды меңгертудегі тиімді әдіс-тәсілдер

Қазіргі таңда қазақ тілін үйренуге арналған түрлі оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар жарық көруде. Әрқайсысы өз деңгейінде. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі. Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» - деп тұжырымдайды. Ұрпақ жалғастығымен адамзат мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Болашаққа бастайтын қадам – оқу. Білім беру саласында жаңаша ойлау, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша көзқарас қалыптасты [34, б. 89].

Бүгінгі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырып шығу мүмкін емес. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық келбетін қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқыту үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі.

Педагогикалық технологиялар дегеніміз – білім алушылар мен ұстаздардың субъект-субъектілі қарым-қатынастарына негізделген, олардың өздерін өзектендіруге, өз-өздерін дамытуға бағытталған, диагностикалық қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі тиімді әдістер мен құралдар жиынтығының үйлесімді қызметі [35, б. 303].

Оқыту әдістемесі тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі әдістерін қамтиды, бірақ оларды белгілі бір логикалық тізбек ретінде құрылымдамайды. Ал технология болса әрқашан тәсілдердің белгілі бір алгоритмін, логикасын, бірзділігін ұсынып, содан күтілетін нәтижені болжай алады.

Осыдан келіп, педагогикалық технология мен оқыту технологиясын салыстыратын болсақ, педагогикалық технологияның мазмұны кеңірек екенін айқындаймыз. Себебі, оқыту технологиясы тек оқыту үдерісіне бағытталатын болса, педагогикалық технология оқыту, тәрбиелеу, білім алушыны әлеуметтендіру, оны тұлға ретінде қалыптастыру мәселелерін толығымен қамтиды.

Педагогикалық технологиялардың түрлері және сипаттамалары:

1. Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиялары;
2. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиялары (коллаборация немесе ынтымақтастық оқыту);
3. Проблемалық оқыту технологиясы;
4. Жобалау технологиясы;
5. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиялары;
6. Білім алушылардың сыни-тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы;
7. Оқытудың белгі-контекстік технологиясы, т.б.

Оқу үрдісі барысында Д.Б. Эльконин, В.В. Давдовтардың «Дамыта оқыту», Н.П. Гузиктің, Ж.Қараевтің, Г.Еркибаевалардың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы,

Джордж Соростың ашық қоғам институты «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген «сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы дамыту» (С.Мирсейітова) технологиясы, «Ынтымақтастықта оқыту» технологиясы, В.Беспалько, М.Кларин, И.Лернер, В.Оконь, Н.Талызинаның «Бағдарламалап оқыту мәселесі», «Дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі» (П.Эрдниев), «Іс-әрекетті бағалау» (Ш.Амоношвили, И.Волков), т.б. технологиялардың тәжірибелік қолданысы тиімді нәтижелерге жеткізіп келеді.

Жаңа педагогикалық технологиялардың тиімділігі және дәстүрлі оқытудан айырмашылығы да мынада:

- оқытушының еңбек өнімділігі артады;
- әр білім алушының деңгейіне сай жұмыс жасалады;
- білім алушының еңбегі объективті түрде бағаланады;
- пәнге қызығушылығы артады;
- білім алушының ойлау, жады, зейін тұлғалық қасиеттерін дамытады.

Заманауи оқыту технологиялардың бірі – деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы. Мемлекеттік тілді білім алушыларға үйретуде ғалым Ж.А.Қараевтың еңбегі аса зор маңызға ие. Ол тілді үйретуде дүниежүзілік тиімді әдістемелердің жетістігіне сүйенеді.

Деңгейлеп оқытудың басты ерекшелігі: оқу үдерісін топтап, жіктеп бөліп, әр деңгейдің өзінің лексика-грамматикалық минимумын белгілейді. Яғни, **қарапайымнан күрделіге қарай.**

Деңгейлеп оқыту технологиясы білім алушының жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, т.б. аталған технологияны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тәжірибеде көптеген тиімділікке жеткен [36, б. 55].

Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П. Гузик сыныптағы білім алушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөліп көрсетеді.

«А» - бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып үйренуші пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгеріп шығады. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені ол материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін үйренуді, т.б. іс-әрекетті талап етеді.

«В» - бағдарламасын орындамас бұрын «А» деңгейіндегі тапсырмаларды әрбір үйренуші орындауға міндетті. «В» - бағдарламасындағы тапсырмаларды орындау - үйренушілердің оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істейін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С» - бағдарламасының орындалуы білім алушыларды алған білімді шығармашылықпен байланыстыратын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу

жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде үйренушіге оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп, оны шығармашылықпен қолдану перспективасын ашады. Білім алушыға өзін қосымша жобалар жасауда көрсетуге мүмкіндік береді. Демек,

«А» - бағдарламасы оқытудың міндетті нәтижесіне сәйкес келеді.

«В» - бағдарламасы оқулықтан қосымша тапсырмалар мен жаттығулардың берілуін талап етсе,

«С» - бағдарламасы қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттерден алынған тапсырмалардан тұрады.

Әр пәндегі оқу бағдарламасын таңдау білім алушының өзімен ойласа отырып жүргізіледі. Әрбір тақырып бойынша өткізілетін сабақтар кезектесіп келетін 5 типтен тұрады.

1-тип – тақырыпты жалпы талдау сабақтары (оларды теориялық білім не лекциялар деп атайды);

2-тип – қиыстырылған практикалық сабақтарда білім алушылардың өзіндік жұмысының процесінде оқу материалдарының тереңдей талдануы. Мұндай сабақтар бірнеше рет (3-5-ке дейін) өткізіледі.

3-тип – қорытындылау және білімді жүйелеу сабақтары.

4-тип – материалды пәнаралық қорытындылау сабақтары (оларды тақырыпты қорғау сабақтары деп те атаса болады).

5-тип – практикум сабақтар.

Барлық үйренуші білім стандарты деңгейін толық игергеннен кейін ғана жаңа материалға ауысу жүзеге асырылады. Жалпы сыныптық, топтық және жеке жұмыстар арасындағы үйлесушілік базалық стандарт деңгейінде үйренушілер біліміндегі ақаулықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Студенттердің біліміндегі ақаулықтарды жою үшін олармен сыныптан тыс өздік жұмыстарын беруге тура келеді. Қазақ тілінде де басқа пәндердегідей деңгейлік бағдарламаны таңдау үйренушілердің өзіне ұсынылады. Осылайша ортақ базалық білім минимумы қамтамасыз етілуімен қатар әр білім алушының шығармашылық дамуына жол ашылады.

Білімді бақылау кезінде деңгейлеу тереңдей түсіп, әрбір студенттің жетістігі есепке алынады. Яғни, білім беру сатылары: түсіндіру, бекіту, тексеру, т.б.

6-кесте. Білімді бақылау кезеңдері мен талаптары

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
Диагностикалық кезең	Білім алушылардың білім деңгейін диагностикалау	Мұғаліммен бірлесе отырып оқу деңгейін таңдау
Студенттерді топқа бөлу	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу

	айқындау	
Студенттерді топқа бөлу	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды айқындау	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу
Оқытуды іске асыру	Мұғалімнің материалды оқу топтарына беруі	Өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруы
Білімді меңгерту нәтижесін бағалау	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша Білім алушыларды бағалау (кері байланыс)	Нәтижелері бойынша өзара және өзін-өзі бағалауы

Деңгейлеп оқыту - туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуын жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Деңгейлеп оқыту оқытылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, білім алушыға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияда бірінші орында үйренуші тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне назар аударылады.

Ж. Қараев бойынша: Деңгейлеп оқыту әр білім алушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі категориядағы оларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Осындай іс-әрекеттер арқылы білім алушылар оқу материалдарын әртүрлі деңгейде қабылдайды. Сол үшін білім алушының біліміне қарай тапсырмаларды деңгейге бөліп береді.

I деңгей тапсырмалары:

1. Жаттап алуға лайықталған тапсырмалар.
2. Алдыңғы сабақтағы тақырыпта меңгерген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.
3. Тапсырмалар өмірмен байланысты болуы керек.

II деңгей тапсырмалары: өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұл өзгертілген жағдайдағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімді түрлендіріп пайдаланылуы қажет. Білім алушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілген тапсырмаларды ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық, үйретімділік маңызы болуы керек. Бұлар ребустар, сөзжұмбақтар, Венн диаграммасы, т.б.

III деңгей тапсырмалары: танымдық – іздену түріндегі тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерінен заңдылықтар шығарады, анықтамалар, жаңа сөздерді жаттау тағы басқалар жетілдіріліп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

Мұндай жұмыс анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізін қаласа, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді:

-өмірден алынған мәліметтер негізінде креативті диаграмма, анализ сараптамалар жасауы;

- жергілікті жағдайдың тілдік элементтерін анықтау;

- ой қорытуға арналған дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

IV деңгей тапсырмалары: шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар. Білім алушының дүниетанымы мен жеке басының икемділігін байқататын жұмыстар жасап шығаруға негізделген. Олар:

- олимпиадалық жұмыстар;

- берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау, эссе, мақала, өлең жазу.

Бұлар студенттің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болып табылады.

Г.Ғ. Еркибаеваның деңгейлеп оқыту технологиясы жоғарыда аталған ғалымдардан ерекшеленеді. Ол тапсырмаларды 3 деңгейге бөліп қарастырады (мектеп деңгейінде).

1-топқа: «4-5»- ке оқитын студенттерді топтастырып, оларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар береді.

2-топқа: «3-4»- ке оқитын студенттерді топтастырып, оларға іздену түріндегі тапсырмалар дайындаса,

3-топқа: «2-3»- ке оқитын студенттерді топтастырып, оларға стандартқа сай тапсырмалар береді: сыныптағы барлық студенттер орындай алуы қажет.

Сабақ барысында қандай студент болмасын I деңгей тапсырмасын орындайды, әрбір студент I деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп – саралап оқытудың тағы басты ерекшелігі, студентті өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамытуы. Жеке тұлғаның қалыптасып, ой- өрісінің дамуы, белсенділігін, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс-тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралдарының бірі – студенттердің өзіндік жұмысы болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиісі. Тәрбиесіз берілетін білім – адамзаттың қас жауы», - деп Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, деңгейлеп – саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік.

Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Студенттер түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, басқа де ізденімпаздылық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, барлық сыныпқа дерлік лайық ойын түрлерін беру, оны практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында деңгейлеп оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу білім алушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Деңгейлеп оқыту технологиясы студенттердің білім деңгейіне қарай тапсырмалар орындау барысында, білім сапасы артады, қазақ тілі сабақтарына қызығушылығы артады. Жаңа технологиядағы ойландыру түртікілерге үйренушілер белсене жауап іздеп, оны да нақты, дәлелді, қысқа де, нұсқа жауап алға білім алушылар әдеттенеді.

Осылайша, деңгейлеп оқыту технологияларының басты артықшылығы анықталады:

- әрбір студенттің даму деңгейіне сай оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ететіндігі болып табылады;

- әрбір студенттің даму деңгейіне сай оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ететіндігі болып табылады;

- деңгейлеп оқыту - оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, білім алушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асады. Топтарға бөлуде білім алушылардың даму ерекшеліктерін қабылдау, ойлау, зейін, есте сақтау, т.б. ескеру керек;

- мұғалім әрбір топ үшін талаптардың ара жігі айқындалған нақты жүйелерін құрып ұсынып отыруы тиіс. Білім алушылар біліміндегі ақаулықтарды жоюға бағытталған жұмыстар уақытылы жүргізіліп отырған жөн.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен білім алушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технолдігияда бірінші орында білім алушы тұрады және өз бетімен білім алуудағы белсенділігі аса назарда болады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жоғарыда атап өткендей жұмыс міндетті үш деңгейден және қосымша шығармашылық деңгейден тұрады. Оның басты мақсаты – сынып білім алушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау.

Сонымен, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- білім алушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- білім алушының ынталандыруға;
- білім алушының мен мұғалімнің ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;

- білім алушының өз білімін өзі бағалай білуіне;

- баға әділдігіне;

- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да – нәтижелі үйренуші даярлауда болып отыр.

Ж.Қараевтың ұстанымы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының 4 түрін ажыратады:

1. Репродуктивті деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар білім алушының алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және білім алушыға байланысты.

2. Алгоритмдік деңгей – мұнда білім алушы мұғалімнің нұсқауымен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3. Эвристикалық деңгей – білім алушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4. Шығармашылық деңгей – білім алушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты білім алушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді.

Деңгейлеп-саралап оқыту әр білім алушының белсенділігін оятады.

Осы тұрғыдан қарағанда «үлгерімі төмен, баяу» студент жақсы оқитын студентке ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туындайды. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларын үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – студенттердің дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

«Қазақстан-2030» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізгілерінің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейлерінің көтерілуіне үлес қосу. Сондықтан ұстаз-мұғалімдер қауымының алдында үлкен міндет жүктелді.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – қазіргі заманғы педагогикалық технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған дұрыс.

Студент қызметін белсендіру негізінде педагогикалық технологиялардың бірі – деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының элементтерін қолдану білім сапасын көтеруге ықпал етеді.

Деңгейлеп тапсырмалар рейтинг ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, студенттердің деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Осылайша білім алушы келесі тапсырмаларда неғұрлым ұпайды көбірек жинау үшін ізденіп, мұғалімнен, сыныптастарынан қосымша ақпараттар жинай бастайды.

Деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін үйренушілер сол деңгейді игергені үшін сәйкес ұпай алады:

Бірінші деңгей үшін – 5 ұпай

Екінші деңгей үшін – 15 ұпай

Үшінші деңгей үшін – 30 ұпай.

Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды дарынды да, еңбекқор үйренуші орындай алады.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Нәтижесінде білім алушылардың табиғи қабілеттері мен дарында қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады. Сонымен қорыта айтсақ, оқытудағы саралау әдісінің әдістемелік негіздері мен артықшылықтары:

- білім алушының оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай жүйелеу;
- алынған нәтижені өлшей алу;
- оқу үдерісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;
- бағалаудың жетелеушілік қасиеті;
- дамыта оқытудың әдісі [37, б. 96].

Қазақ тілін білім алушыларға үйретуде Ж.А. Қараевтың «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясынан мына ұстанымдарды тандап алуға болады:

- білім алушының жаңа сабақты өздігінен меңгеруіне көмектесуді;
- өз ойларын және көзқарастарын жеткізе сөйлеуге үйретуді;
- өз беттерімен мәселелерді шеше отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулуды;
- өткен материалмен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдардың ерекшеліктерін ажырата алуды;
- сөйлемдерді дұрыс құрай алуға машықтандыруды;
- тапсырманың мазмұны арқылы білім алушыға проблемалық ситуация туғыза алуды үйрету керек.


Мысалы, «Мемлекет болашағы – жастар» тақырыбында білім алушылармен былайша деңгейлік-сараптамалық жұмыстар жасауға болады:

1. Үйренушілік деңгей: бұл тұста тақырып бойынша сөз тауып, берілген сөзді мәтіннен оқу және сөздердің қолданылуын түсіну.

2. Алготимдік деңгей: үйренген білімін толықтырады, яғни тақырып бойынша пікір таластырып, өтілген сөздерді түрлі ситуациялық жағдайларға пайдаланады.

3. Эвристикалық деңгей: білімін тереңдету мақсатында білім алушы өз бетінше тақырыпқа әңгіме құрап айту, талдау және анализ тапсырмаларын орындайды.

4. Шығармашылық деңгей (ең жоғарғы сатысы): білім алушы тақырып бойынша өз бетімен әңгіме, өлең және жұмбақтар құрастырады. Бұл шығармашылық деңгейде нақты нәтижелі жұмыс жасалғанын аңғартады.



6-сурет. Деңгейлеп-саралап оқыту деңгейлері.

Осылайша жұмыстар орындалу кезінде білім алушының барынша жағдай жасап, сыныпта еркін болуын қамтамасыз ету керек. Нәтижесінде, үлгерімі нашар білім алушылар да, кем дегенде, «үйренушілік» деңгейге сәйкес білімді толық меңгеріп алады. Себебі, ол осы деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап, мұғалімге өткізбегенінше келесі деңгейге көшпейді. Аталған технологияның принциптері жағдайында өздігінен даму бағдары анықталып, дамытын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясымен білім алушының орындаған тапсырмалары олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға көмек береді.

Жалпы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының білім алушыларға тиімділігі мынадай: топ студенттерінің барлығы деңгейлік тапсырма орындауы.

- білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;
- білім алушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы;
- білім алушының оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы;
- білім алушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;
- білім алушының белсенділігінің оянуы;
- алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;
- білім алушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы.

Осындай талаптарға сәйкес құрылған өз бетімен деңгейлік тапсырмаларды сатысы бойынша білім алушының қазақ тілі сабағында өзіндік шығармашылық қабілеті дамиды.

Жаңа технологияларды қолдануда білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге болады.

Нәтижесінде білім алушының:

1. тілді еркін меңгере алады;
2. оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
3. жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
4. өздігінен ізденімпаздылық қабілеті артады;
5. тілдік сауаттылығы мен тілдік мәдениеті қалыптасады.

Сонымен, саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Мысал-1:

Деңгейлік тапсырмалар (7-сынып «Ата-мұра» баспасы бойынша оқулықпен сәйкестендірілген) - №1

Қазақ тілі: 7-сынып

Сабақ тақырыбы: «Етістіктің аналитикалық форманттары»

Сабақта жүзеге асырылуы тиіс мақсаттары:

7.2.2.1 ЕАФ күрделі етістіктерден ажырата білу, мәтін құрасты алу.

Ұйымдастыру кезеңі.

Өткен сабақты тексеру кезеңі.

Жаңа сабақ.

Білім алушыларға жеке тапсырма (деңгейлі тапсырмалар).

«А»: 1-тапсырма.

Берілген ЕАФ-ын жасаушы жұрнақтарға сөйлеммен мысал келтір.

-ып еді, -са игі еді

-қан еді, -ушы еді

-атын еді, - а жатқан еді

- ар еді

«В»: 2-тапсырма. А) Мәтіннен ЕАФ тауып, астын сыз:

Қожа бір күні біреумен даулы боп, қазыға жүзініске барады. Қазы бұл екеуінен жауап ала бастайды. Сонда Қожа жауап бере отырып, қойнынан бір жұдырықтай тастың шетін шығарып көрсетіп қойып, қазыға ым жасайды. Қазы содан кейін, тергеуді Қожа жаққа бейімдете келіп, ақырғы билікті Қожаның пайдасына шешеді. Сонымен, Қожа дегені болып, енді кете бергенде, қазы мұны тоқтатып қалады. Ана кісі кетеді. Ұй оңашаланған соң, қазы:

-Кәні, әлгің қайда, бер сондай алтыныңды, - дейді. Сүйтсе, тасты көрсеткенде қазы: «Мынау осындай алтын берем дер тұр екен ғой» деп ойлап, Қожаның дегенін істеген екен. Осынысын айтқанда Қожа:

-Жоқ, тақсыр, менің белгімді сіз ұқпапсыз, менде ондай алтын болушы ма еді, тәйір! Менің айтқаным: «Билікті дұрыс айт, әйтпесе мына таспен ұрамын дегенім еді!» -депті.

(Қожанасыр туралы аңыз-әңгімелерден)

«В» деңгейінде 2-тапсырма. В)

ЕАФ мен Күрделі етістіктерінің айырмашылығын Венн диаграммасында көрсет.

«С»: 3-тапсырма.

Тақырыпқа байланысты мәтін құрастырады. Берілген етістіктің аналитикалық форманттарын пайдалану.

- й бер;
- п бер;
- п бар;
- а, е ал;
- п, ал.

Бағалау критерийлері:

1. ЕАФ туралы түсінік алады;
2. Мәтіннен ЕАФ тауып, астын сызады;
3. ЕАФ қатыстыра отыра, мәтін құрайды.

Дескриптор:

1. ЕАФ туралы түсіне алады;
2. Мәтіннен ЕАФ таба алады;
3. ЕАФ қатыстыра отыра, мәтін құрай алады.

Деңгейлеп-оқыту тапсырмалары:

1-деңгей

№1 тапсырма

Мақсаты: Аналитикалық формалы етістіктерді етістіктің категориялары бойынша жіктеу (Жеке тапсырма).

Үлгі берілген:

7-кесте. Аналитикалық формалы етістіктерді етістіктің категориялары бойынша жіктеу тапсырмасы.

Етістік	Қалау рай мен модальдылық категориясы	Шақ категориясы	Қимылдың өту сипаты
Кел	Келсе игі еді, келсе екен, келгім келеді	Келе жатыр	Келе сал
Отыр			
Оқы			
Ал			
Біл			
Айт			

2-деңгей

Берілген мысалдарды күрделі етістіктер мен ЕАФ-тарға жіктеу.


Мақсаты: күрделі етістіктер мен ЕАФ-тарды ажырату.

Келіп кетті, күйіп кетті, кіріп шық, оқып шық, жазып шық, айтып шық, келе кет, жығыла кет, алып келеді, өсіп келеді, барып қайт, жылап жіберді, қуып

жібер, лақтырып таста, сөйлей отыр, біле жүр, айтып бар, айта сал, жасара бер, барып кел, алып бер, ала бар, қойып кел, қоя сал, т.б

Күрделі естіктер:

ЕАФ:



№3 тапсырма

Мақсаты: Көркем мәтіндегі ЕАФ-тардың функционалық грамматикалық, лексика-семантикалық қызметіне тоқталу.

Мәтін бойынша аналитикалық етістіктерді тауып, лексика-грамматикалық мағынасына тоқталу.

Жел артымыздан еді, ауылдан он-он бес шақырым шықтық. Жаздай жайлап, елдің шаңын шығарып тастаған жайлауын қақ жарып құбылаға бет алып келе жатырмыз. Жанды қарға жоқ. Бірен-саран шалшық сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көресің. Елдің жұртында жер ошақтың араларындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған әлімтікке он-он бесі жиналып қарақұс, қарға, өгіз шағалалар тойлап жатыр...

Жүрген сайын жер өнбегендей, сол ұшы-қиыры жоқ елдің жайлауы бітпейтіндей көрінді. Мен шықтым. Манағыдай емес, атқа жортқан денем жылынып, ептеп маңдайымнан тер де шығайын деді. Жолдасымның басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған. Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, желпенін шешіп алып беліне байлады. (Б. Майлин «Шұғаның белгісі» Үзінді)

Нәтиже: ЕАФ-тың сөйлем ішіндегі қолданысы мен қызметін таниды.

ЖОО білім алушыларына арналған деңгейлік тапсырмалар:

№1 тапсырма.

Суреттер бойынша аналитикалық етістіктерді табу.

Мақсаты: Білім алушылардың аналитикалық сөз формаларының визуалды көрінісін тани алуы. Күрелі етістіктерден ажырата алуы.

«Мизга шабуыл»

1. Берілген суретке сәйкес келетін аналитикалық етістікті табыңыз:

- А) Сөйлеп отыр
- В) Жазып кел
- С) Жазып отыр
- Д) Айта бер

2. *-е сал* формантының дұрыс нұсқасы(ЕАФ):

- А) Айта сал
- В) Жаза сал
- С) **Келе сал**
- Д) Сөйлей сал

3. Берілген суретке сәйкес келетін қалау рай категориясындағы ЕАФ-ты табыңыз:



- А) **Оқығысы келмеді.**
- В) Оқып түсінбеді
- С) Оқыды
- Д) Оқып түсіне алмады

4. Қимылдың тиым салу мағынасына келетін ЕАФ

түрін белгілеңіз:

- А) Ойыншығынды далаға қалдырып кетуші болма.
- В) **Ешқашан өтірік сөйлеуші болма.**
- С) Оқуыңды тастап кетуші болма.
- Д) Біреудің хатын ашып үйренуші болма.

5. Көсемше тұлғасында жасалған ЕАФ-ты белгілеңіз:

- А) Барып келді
- В) Салып қойды
- С) **Келе жатыр**
- Д) Айтқалы кетті

№2 тапсырма

Көсемше тұлғасында ЕАФ-тарға 10 сөйлем мысал келтір.

(*-й бер, -п бер, -п бар, -ушы еді, -атын еді*) Үлгі ұқсас ЕАФтарды қолдану.

№3 тапсырма

-п келе жатыр, -п бара жатыр, -п қоя бер, -п кеп кет, -п қалып, -а тұрған, -галы кел, -а сал, -ып отыр, -а кел ЕАФ-тарды күрделі етістікке айналдыру.

№1 тапсырма

«Джигсо» әдісі бойынша Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форматтары» еңбегіндегі ЕАФ-тарға қатысты негізгі тақырыптарды түсіну.

Мақсаты: Студенттердің күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктерді ажырата алуы, жасалу жолдарын, сөйлемдегі қызметін және етістік жасау

формаларын, лексика-семантикалық, грамматикалық мағыналарын жіктеп тануы, аналитикалық етістік пен сөз тіркесінің айырмасын білуі, аналитикалық етістіктерді құранды етістіктерден ажырату, ЕАФ-тың категорияларға қатысын білу.

- ✚ 1-топ «Аналитикалық формалы етістіктің тілдегі басқа ұқсас құбылыстардан айырмасы»
- ✚ 2-топ «Аналитикалық формалы етістік пен сөз тіркесі, тұрақты тіркестердің айырмасы»
- ✚ 3-топ «Аналитикалық формалы етістіктің лексика-семантикалық, грамматикалық мағыналары»
- ✚ 4-топ «Етістіктің аналитикалық форманттарының категорияларға қатысы»

Уақыты: Дайындыққа 8-минут

Топтар арасында қорғауға 10-минут

Қорытынды оймен бөлісуге 2-минут

Соңында тест тапсырмасын дайындап, студенттердің білімін тексеру!

Нәтиже: Тапсырманың қорытындасында топтар ЕАФ-тарға қатысты маңызды тақырыптарды түсінеді және білім алмасады.

№ 2 тапсырма

«Кім көп және тез?»

Мақсаты: білім алушының берілген ЕАФ-тарға сөйлемді дұрыс, толық және тез құрап үйренуі.

8-кесте. Етістіктің аналитикалық форманттарына сөйлем құра

р/с	ЕАФ	СӨЙЛЕМ
1	- й бер	
2	-п ал	
3	-а/е ал	
4	-п келе жатыр	
5	-ғалы, -гелі жүр	
6	-а отыр	

2.3 Етістіктің аналитикалық формаларының мағыналарын ажыратуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер

Ең алдымен, студенттерге дәрісті тиімді түрде өткізуде дәстүрлі форматтан бөлек жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес кейбір элементтерді, әдіс-тәсілдерді, жаттығуларды қолдануға болады. Ол үшін ЖОО-да дәріс беретін ұстаз білім беру пәнінің мазмұнымен шектелмей, қазіргі технологияны да қолдана білу шарт. Көп жағдайда, ЖОО-да дәрістер әңгімелесу, диалог-лекция түрінде өтеді. Алайда, білім беру жүйесінің

талаптары күннен күнге өзгеріп келеді. Сабақтың өз мақсатына жету жолында қазіргі технологияны, инновациялық жүйелерді қолдану – заман талабына айналып отыр.

Жоғары оқу орындарында етістіктің аналитикалық форманттары «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәніне сәйкес келеді. Бұл пән элективті пән болғандықтан, көп жағдайда 3 кредитке, ECTS бойынша 5 кредитке негізделеді. Сәйкесінше, 15 лекция, 30 семинар сабағы жүргізіледі. Оған қосымша студенттің өзіндік жұмыстары және студенттің оқытушымен өзіндік жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес өтіледі. Соның ішіндегі етістік тақырыбы – өте күрделі тақырыптардың бірі. Етістік тақырыбы бойынша 3 дәріс сабағы жүргізіледі. Соның ішінде оның бір дәрісін етістіктің аналитикалық форманттарын оқытуға және екінші дәрісті етістіктің өзге де категориялары және олардың мағыналық-грамматикалық түрлерін ажыратуға арнап, салыстырмалы түрде түсіндіру жұмыстарын да жасауға болады [38, б. 8-9].

Студенттерге дәрісті бастамас бұрын жоғарыда біз атап өткен мектептің жаңартылған білім беру жүйесіндегі кейбір әдістерді қолдануымыз қажет. Алайда, біз қолданатын әдістер студенттің зерігуіне, пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне немесе өтілетін мазмұнның ғылыми сапасына және семинар тапсырмаларын орындауға кедергі болмауы шарт. Жоғары оқу орындарында дәріс пен қатар семинар сабақтарын жүргізуге де жаңартылған әдістердің түрлерін қолдану ыңғайлы, тек әдіс жоғары мектеп педагогикасы қағидаттарына сай қолданылуы қажет. Себебі мұндағы басты білім алушылар – студенттер.

Жалпы алғанда, етістіктің аналитикалық форманттары туралы студенттер мектеп бағдарламасынан хабардар. Бұл жерде студенттерге түсініксіздеу болады аналитикалық формант. Осы тұста ескере кететіні тіл білімінде сөзжасам процесіндегі сөздердің жасалу тәсілін студенттердің тиіс деңгейде меңгеруі. Демек, мұнда пәнаралық байланыс бар. Яғни, студенттердің «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» пәнінен алған білімінің тереңдігі маңызды орынға ие. Дәріскер жаңа тақырыпты бастамас бұрын осы тұста «**Миға шабуыл**» әдісін қолдануы қажет. Бұл әдістің ең басты тиімділігі студентке сұрақ қою арқылы, оның ойын еркін білдіруі және тақырыпты кеңінен талдауы. Бұл әдіс жаңа сабақты бастар алдында қолдануға таптырмайтын бірден-бір тәсіл.

Миға шабуыл әдісі бойынша студенттерге тапсырма:

Сөздердің жасалу тәсілдерінің түрлері қандай? Аналитикалық тәсілге мысал келтіріңіз

Мақсаты: Студенттердің сөздердің жасалу тәсілдері пәнаралық байланыс негізінде білуі, өзге тәсілдерден аналитикалық тәсілді ажыратуы және оған кез келген уақытта мысал келтіре алуы

Уақыты: 5-10 минут

Тапсырма барысы:

1. Студенттерді топқа бөлу аса қажет емес, әр студент ойын жазбаша немесе ауызша жеткізе алады

9-кесте. Сөздердің жасалу тәсілдері Жоғары оқу орнында қай пәннен оқытылады?

Пән аты	Дамир	Айгүл	Маржан	Балауса
Фонетика				
Лексикология				
Сөзжасам				
Морфология				
Синтаксис				
Жалпы тіл білімі				

Дискрептор:

1. Н.Оралбаева, Ж.Манкеева, Б. Қасым, А. Салқынбай еңбектері негізінде сөздердің жасалу тәсілдері мен ерекшеліктерін атап көрсетеді.

2. Аналитикалық тәсілдің жасалу жолдарын атай отырып, мысалдар келтіру арқылы өзге тәсілдерден айырмашылығын атап өтеді.

Бұл, негізінде, аналитикалық тәсілдің қандай тәсіл екенін нақты ұғындыру немесе еске түсіру үшін қажет. Себебі, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы пәні қазіргі қазақ тілінің морфологиясы пәнінен бұрын оқытылады. Бір ғана 50 минут дәріс барысында 2-3 әдістен артық әдіс қолданбаған жөн. Үлкен аудиторияны ескере отырып, уақыттың тиімді пайдалану мақсатында әңгімелесу, баяндау форматындағы түсіндірме жұмыстарының да жүргені абзал. Себебі, бұл оқытылатын пән мазмұнының ғылымилығын сақтауға мүмкіндік береді. Ал, әдіст қолдану – қызығушылықты арттыру, студентті құр дәрістен жалықтырып алмау.

Студент – ол өз бетімен ізденуші. Осы ретте, осы ұстанымды ескере отырып, тақырыпты жеңіл, әрі оңтайлы түсіндіруде «Фишбоун» әдісін қолданудың реті келіп тұрған секілді. Бұл «Фишбоун» әдісін жапонлық профессор Исикава ойлап тапқан. Бұл әдісті қолданудағы мақсат жаңа идеяларды, тың ақпараттарды, мәліметтерді сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау. Бұл әдістің тиімділігін де атау өтпеуге болмайды. Басты тиімділігі өздері қойған сұрақты топтық жұмыста талқылауға жетелейді. Студенттерге постер беріліп, балықтың қаңқасының сұлбасы салынады. Ең жоғарғы жағына тақырып атауы жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға етістіктің аналитикалық форманты туралы теориялық анықтаманы, төменгі қанаттарға лексика-семантикалық ерекшеліктері немесе жасалу жолдары туралы талдайды. Түйінді ой балықтың құйрығына жазылады. Одан соң, ауызша да, жазбаша да кері байланыс беруге болады.

«Үштік» әдісін аталмыш тақырып бойынша қолдануға болады. Себебі, топта деңгейі әртүрлі студенттер болады. Ұстаз үшін қате болсын, мейлі дұрыс болсын олардың әрқайсының жауабы маңыздырақ. Олардың пәнге деген ынтасы, қызығушылығы жойылмауы тиіс. Сол себепті де бұл бір жағынан еркіндікті талап етеді. Ал, «Үштік әдісі» ойына келген жауаптар мен

идеяларды көп айту, жазу арқылы өз ойын бөліседі. Демек, оның ішінде бұрысы да дұрысы да бар. Бұл әдістің тиімділігі өз ойын ашық айта алады, есте сақтау қабілеті сақталады, яғни басқа да студенттердің пікірін тыңдау арқылы білім алушы тыңдалым дағдысын қалыптастырады.

Ертеректегі әдебиеттерде *көріп қалды* үлгісіндегі сөз тұлғаларына да және *барып келді* үлгісіндегі сөз тұлғаларына да күрделі етістік термині қолданылып келді. Алайда бұлардың табиғаттары бірдей емес, бірі – аналитикалық тәсілмен түрленген сөздің тұлғасы да, екіншісі – аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі сөз. Бірінші мысалда дербес лексикалық мағына көр етістігінде ғана бар, қал етістігі ешқандай лексикалық мағынаны білдірмейді, ол алдындағы көсемшемен бірігіп, дербес мағыналы етістікке қимылдың кенеттен болғандығын білдіретін грамматикалық мағына жамаған. Ендеше –п қал екі морфемадан құралған бір сөз түрлендіруші аналитикалық тұлға. Ал мұндай жолмен түрленген сөздер аналитикалық формалы сөз болып табылады. Екінші мысалдағы лексикалық мағына барып кел бөлігі арқылы берілген, мұнда жеке-жеке алғанда дербес мағыналы бару және келу етістіктері тіркесу арқылы солардың лексикалық мағыналарынан тұратын үшінші бір күрделі лексикалық мағына қалыптасқан. Ендеше барып кел – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тіркесті күрделі сөз. Табиғаттары екі басқа сөз тұлғаларын бір терминмен атауға болмайды, олардың екеуін де күрделі сөзге жатқызу дұрыс емес. Сондықтан аналитикалық тәсілмен түрленген сөздерді сөздің аналитикалық формасы (немесе аналитикалық формалы сөз) деп атаймыз, ал аналитикалық тәсілмен жасалған сөздерді күрделі сөз деп атай береміз.

Аналитикалық сөз формалары тек көмекші сөздің қатысуымен қалыптасады. Көмекші сөз болмаған жерде, аналитикалық формант та, аналитикалық сөз формалары да болмайды. Бірақ көмекші сөздің бәрі аналитикалық сөз формаларын қалыптастыра бермейді, кейде аналитикалық тәсілмен жасалған туынды сөзді қалыптастыруы мүмкін. Мысалы, жарқ етті; еңбек қыл деген мысалдарда еліктеу сөз бен зат есімге көмекші етістіктер тіркескен. Бұлар аналитикалық формалы сөзге жатпайды, аналитикалық тәсілмен жасалған тіркесті күрделі сөзге жатады. Аналитикалық формалы сөздің төрт белгісі болады:

Сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның парадигмалық жүйесіне енуі керек;

Әрбір аналитикалық формалы сөздің дербес лексикалық мағынасы, сол лексикалық мағынадан туындайтын сөз табы ретіндегі жалпы грамматикалық мағынасы және көмекші сөз (немесе қосымша мен көмекші сөз) арқылы берілетін категориялық грамматикалық мағынасы болады;

Аналитикалық формалы сөз көмекші сөздер және аналитикалық форманттар арқылы жасалады;

Сөздің аналитикалық формасы белгілі бір сөз табына жататын сөздердің басым көпшілігінен жасала береді.

Қазақ тіліндегі аналитикалық формалы сөздерді үш түрлі құрамда кездестіруге болады:

Дербес сөз+қосымша+көмекші сөз (қара+п қал-ды, үй+ге қарай);

Дербес сөз+көмекші сөз (жүр еді);

Көмекші сөз+дербес сөз (өте жақсы).

Аналитикалық тәсілмен түрленген етістіктерді етістіктің аналитикалық формалары деп те, аналитикалық формалы етістіктер деп те, тіпті кейде аналитикалық етістікер деп те атай береміз. Етістіктің аналитикалық формалары етістіктің аналитикалық форманттары арқылы ғана қалыптасады. Аналитикалық формант дегеніміз – қосымша мен көмекші сөзден тұратын белгілі бір сөз табының қандай да бір грамматикалық категориясына жататын грамматикалық мағынаға ие күрделі морфологиялық түрлендіруші тұлға. Етістіктің аналитикалық форманттары құрамына қарай кемінде екі морфемадан, немесе одан да көп морфемалардан құралуы мүмкін. Мысалы, Алақаныма қыса қойдым. Мен шықшыттан періп кеп жібердім.

Сабақтың дұрыс өтуіне, нәтижелі болуына әсер ететін бірнеше факторы бар. Олардың барлығы да мұғалім сабақтың мазмұнына сай білім алушылардың іс- әрекетін қаншалықты үйлестіре алуына қарай өзіндік тиісті мәнге ие болады. Ал, сыныптағы балалардың білім, білік өрісіне сәйкестендірілмеген оқыту формалары жасанды жұмыс түрінен аса алмайтыны анық. Сондықтан жаңа нәрселер жат болып қабылданбас үшін, әр жаңаның бойында осыған дейін қолданылып келген әдіс – тәсілдердің белгілі бір элементтері орын алып келгенін ескеру қажет. Әдетте, орта сыныптарда білім алушының пәнге қызығушылығын тудырудың бір тәсілі ретінде грамматикалық ойындарды ұйымдастыру жиі аталып жүр.

Дегенмен, ендігі жерде ойын түрлерінің ой қалыптастыруға бейімделе жүргізілгені тиімді. Ребустар мен сөзжұмбақ түзу, морфологиялық ұғымдар үздіксіз сөзтізбек жасату, қызықты диаграммалар жасату, кестелер жасату, арнайы картотекалар жасату т.б. сыныптағы жұмыстарда білім алушының жарысуы мен ой тұжырымын беруі қатар қамтылады. Әрі білім алушылардың өіндік әрекеттеріне негізделе орындалады. Білім алушылардың қазақ тілі сабағына ынта қоюын қалыптастырудың, яғни тілдік тақырыптарды саналы түрде меңгеруінің басты қозғаушы күштерінің бірі - пәннің практикалық мәніне үнемі назар аударып оқыту. Бұл білім алушының оқу мотивтерін оятудың, дамытудың мәйегі болып табылады. Ал, мотив бар жерде әрекеттің де нәтижелі болары сөзсіз.

Мотив білім алушылардың білуге құштарлығынан, зейінінен және сабақтағы белсенділіктерінен байқалады. Сондықтан, олардың қызығушылығын қалыптастыру мынадай баспалдақтар арқылы жүргізілетіні тиімді:

- 1) Сабақтың қызықты болуы;
- 2) Тілдік білім – машықтардың қажеттіліктеріне көз жеткізу;
- 3) Тілдік білімге, машықтарға деген ішкі қажеттілікті дамыту.

Бұл үшеуін өзара үнемі байланыстыра отырып берілсе білім әрқашан да сапалы болады. Пәнге деген қызығушылық тақырыптағы жаңашылдық элементтердің қамтылуымен байланысты да туындап отырады. Мысалы, сөз

таптары туралы білім алушының алған жалпы түсініктерін қызықты детальдармен толықтыруға болады. Оған морфологияның етістік саласын оқытқанда көз жеткізуге болады. Етістіктің өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар: көсемше тұлғалы етістіктер жеке тұрып толық мағыналы сөз есебінде қолданылмайды, көсемшелерге көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанбайды; көсемшелер тек етістік сөздермен ғана тіркесіп қолданылады; есімше тұлғалы етістіктер және тұйық етістіктер заттанады, есім сөздер сияқты түрленеді. Етістіктер көсемше тұлғасында тек пысықтауыш, баяндауыш бола алады, есімше тұлғасында келіп анықтауыш, тұйық етістік тұлғасында зат есім қызметін атақарады:

Күрделі етістіктер құрамы көсемшелерден тұрады. Осыларға назар аудару білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Білім алушылардың қазақ тіліне қызығушылығын тудырудың, саналы түрде түсінуін қалыптастырудың тағы бір жолы - тілдік терминдердің мағынасын аша отырып оқыту. Әуелде мұғалімнің басшылығы мен жүргізілетін мұндай жұмыс бірте - бірте тілдік ұғымдарды білім алушылар өз бетімен тануына алып келеді. Олай болса, үйренуші үшін оның қызықтылық қасиетінің өзі де осы байланыстылықтан өрбитіні анық. Тек оны тиянақты меңгерту үшін сөз төркінін тани білуге үйрету басты шарт болып табылады. Мысалы, етістіктің көсемше категориясын оқытқанда көсемше сөзін А.Байтұрсынұлы енгізгенін, көсем тәрізді үнемі алдыда тұрады дегенді білдіреді, есімше заттанғандықтан түбірі есім деген сөзден туған дегенді айта кету білім алушылардың тақырыпқа дегенқызығушылықтарын арттыра түседі.

Білім алушылар игерген білімнің қажеттілігіне көз жеткізудің бір жолы - тақырыпаралық, салааралық, пәнаралық байланыстарды үнемі ескеріп отыру. Бұл, бір жағынан, білім алушыларды тілді бір тұтас құбылыс ретінде тануға негіз болса, екінші жағынан, үйреніп отырған білімнің ендігі сыныптарда өтілетін тақырыптарға тірек болатынын саналы түсіне бастайды. Білім алушының лингвистикалық дүниетанымы мен тілдік компоненттілігін қалыптастыру бағытындағы жаңа талаптардың жүзеге асуында бұл жол елеулі маңызға ие болады. Мысалы, етістікті зат есіммен, сын есіммен байланыстыра оқыту қазақ тіліндегі тақырыпаралық байланысты жүзеге асырса, етістікті оқытқанда әдебиетпен, тарихпен, педагогикамен байланыстыра оқыту қазақ тіліндегі пән аралық байланысты жүзеге асырған болар еді. Осы мәселелердің барлығы білімнің тиянақтылығының кепілі бола алады. Студенттердің бойында білім қорының мол болуының пайдалылығына деген сенім қалыптаса бастайды. Фактілер - ұғымдар - заңдар - жеке теориялар - тілдің жалпы адамзат дамуымен байланысы секілді тізбектің құрамына енген бөліктердің әр қайсысының өзіндік ерекшеліктерін айқындала дәлелденуі үйренуші логикасын дамыта түсумен қатар негізгі, қосалқы білімдердің ара қатынасын танытады. Ақпараттар ағымынан өзіне қажеттісін екшеу, саралау, жүйелеу, қорыту дағдыларын жетілдіреді. Бұрынғы кездері әдістемеші - ғалымдардың еңбектерінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мәселесі көбірек орын алса, соңғы жылдары оның орнын білім беру ісін білім алушылар сол білімді түсінуі,

меңгеруі тұрғысынан ұйымдастыру мәселесі кең өріс алуда. Оқу процесін білім алушының белсенді әрекеттерінің педагогикалық - психологиялық заңдылықтарын дәйектілікпен есепке ала отырып жүргізуге назар аударып қажеттілігі айқындалады.

Студенттің оқу мотивтерін, оның ішінде қызығушылығын қалыптастырудың бір жолы ретінде пәнді оқытуда эвристикалық тәсіл арқылы оқу материалын білім алушының өздігінен түсінуі мен шешуі атап көрсетіледі. Мұнда білім мазмұнын меңгертуде баланың ынта-ықыласын жұмылдыру мақсаты көзделеді. Грамматикалық ережелер мен анықтамаларды, оның заңдарын бала өзіндік ой қорытулары арқылы түйіндейді. Мұндай сабақтарды мұғалім алдын ала жоспарлап, онда мынадай міндеттерді белгілейді: - грамматикалық материалдарды білім алушыға түсіндіру жолын ықшамдап, өнімді әрі баланың қабылдануына, ақыл - ойына қонымды болу жағын қарастыру; - меңгерілуге тиіс материалдардың түйінді мәселелерін білім алушының өздері ашатындай жағдай тудыру, олардың түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Бұл жағдайда мұғалімнің міндеті үйренушінің әрекетін ұйымдастыру, оның жолын көрсету Д.Б. Эльконин, Оқытуды түсіндірусіз, нұсқаусыз жүргізу Т.Я. Гальперин болып табылады. Ал, білім алушының сол тапсырмаларды шешудің жолдарын өздері табады, бұл олардың ақыл-ой белсенділігін дамытуға бағытталады. Бала ұғымына ауырлық келтірмейтіндей деңгейдегі мәселелерді проблемалық жағдай туғыза отырып меңгерткен тиімді. Себебі білім алушының интеллектуалдық күшінің өсуі жаңа фактілерді түсінудегі және ой елегінен өткізудегі қиыншылықтарға тап болуынан туады және проблемалық мәселенің, білім алушының тақырыпты меңгеруге деген ынтасының, оның эмоциялық әсерлігінің және ерік күш - жігерінің болуымен сипатталады. Өздігінен жұмыс істеуге ниеттелген үйренуші тапсырманы қызыға орындап, жағымды эмоциялық әсер ала отырып, кездескен қиындықты саналы түрде түсіну арқылы жеңіп шығуға талпынады. Бұл бағыттағы ізденістердің, ғылыми тұжырымдардың барлығы да оқыту процесінде үйренуші белсенділігін арттыру теориясы, мазмұнды қорыту теориясы В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, ақыл-ой әрекетін кезеңдеге бөліп қалыптастыру, рухани қажеттіліктер (Ю.В. Шаров) мен танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру теориясы, проблемалық оқыту теориясы т.б. білім алушының әрекет субъектісі ретіндегі рөлін жоғары бағалайды, яғни білім алушының білімі де, меңгеретін машық – дағдылары да танымдық белсенділігі нәтижесінде оның біліктілігін арттыруға қызмет етуге тиіс. Проблемалық сұрақтар білім алушының белсенді әрекеттерін туғызуға түрткі болып өздігінен ой түйіндеулеріне әкеледі. Мұнда баланың танымдық дербестігін, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін салыстыру, талдау, жинақтау, ой қорту секілді ойлау операциялары жүзеге асырылады.

Ойлау тәсілдеріне: алгоритмдік, жартылай алгоритмдік (дұрыс шешім - бірдей шешім); эвристикалық, жартылай эвристикалық (дұрыс шешім болмау да бірдей болмауы да мүмкін шешімдер) тәсілдерді білім алушыға үйретудегі басты мақсат - машықты төтелей меңгерту емес нақты міндетті шешуге

көмектесетін операциялар жүйесін қалыптастыру. Таным теориясы даралық таным процесінің негізгі заңдылығын проблемалық ұстаным арқылы бейнелейді. Онда адам ойы білмеуден білуге, толық еместен толық білуге қарай жүруінің ішкі логикасы көрсетіледі. Одан туындайтын негізгі міндеттер мынадай:

- етістіктің шақтарын шығармашылықпен меңгеру дағдыларына тәрбиелеу;

- етістіктің шақтарын шығармашылықпен қолдануға дағдыландыру және көсемшені оқу проблемаларын шешу шеберліктеріне тәрбиелеу;

- шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру;

- етістіктің шақтарын оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру;

- етістіктің шақтарын ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру т.б. [38, б. 10]

Мұғалімнің түсіндіруі жаңа сапаға ие болады, яғни ол етістіктен берілген тапсырманы шешудің жолымен логикасын меңзейді. Әрі өзінің ақпаратты беруші қызметін шектеп, білім алушылардың етістіктің шақтар тапсырмаларды өздігінен орындау және түсіну бағытындағы әрекетін кеңейтеді. Таратып айтсақ, мысалы, үйренуші анықтаманы өз бетінше құрастырса, біріншіден, оның байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады, екіншіден, етістікке шақтарына байланысты атауларды пайдалану нәтижесінде сөздік қоры молаяды, үшіншіден, жұрт алдында сөйлеуге машықтанады, төртіншіден, басқаларды да тыңдауды үйренеді, бесіншіден, білім алушылар бір-бірінің қабілет-дарынын қанаттандырып, басқалардың пікірімен санасуға қол жеткізеді.

Етістік шақтары тақырыбынан кейін кесте, сызба жасату үстіндегі ойын дәлелді қорғауға үйретуге лингвистикалық әрі логикалық тұрғыдан даму жүзеге асады.

Білім алушының өздік жұмыстарында әрқашан сабақтастық ұстанымын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізген тиімді. Себебі студент үшін етістік бұрын соңды өтілген тақырып болса, етістіктің категориялары мүлдем жаңа көсемше, есімше, етістіктің райлары, шақтары тақырыптарын өз бетінше меңгеруі қиын. Етістік шақтарын білім алушының қызығушылығын оятып, оның қажеттілігіне көз жеткізетін дидактикалық талаптардың бірі – білім алушыға етістіктің шақтарын берілетін теориялық білімнің практикалық мәні екі жүйеде қатар сабақтастырыла жүргізілуі тиіс: біріншіден, етістік шақтарын өткеннен кейін үйренуші оның қай сөз табына жататынын, қай сөз таптарымен қалай қатынасқа түсетінін, сол сыныптағы бағдарлама көлемінде меңгеруге міндетті.

Бұл ұғым - түсініктер білім алушының етістік шақтарын біліктілігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, етістік шақтары теориялық материалды құрғақ ереже болып қалудан баланың ішкі қажетіне айналдыруды қамтамасыз ету мақсатында жасалатын әдістемелік жүйе бойынша етістік тақырыбы білім алушының ауызекі сөйлеу, жазба тілдерін дамытуға қарай ыңғайластырылуы тиіс. Бұл бағытта да бағдарламада берілетін тақырып оның қарым-қатынастық

тіл жұмсау аясындағы ерекшеліктерімен толығып берілуі ұтымды. Мұнда етістік шақтарын сәйкестендіріліп берілетін жұмыстар жүйесінің мақсаты, жоғарыда көрсетілгендей, білімнің танымдық әрі практикалық өрісін кеңейту екендігі даусыз. Әдіс - А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, кезекшіліктен шығатын нәрсе-әдістің жақсы, жаман болғаны жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Көрнекі педагогтар анықтап, мұғалім мен білім алушылардың тәжірибесінде әбден қалыпқа түскен, сыннан өткен әдістер мыналар:

- 1) мұғалімнің баяндау не түсіндіру әдісі;
- 2) әңгіме әдісі;
- 3) көрнекілік әдісі;
- 4) кітапты пайдалану әдісі;
- 5) жаттығу әдісі;
- 6) байқау әдісі;
- 7) грамматикалық талдау әдісі т.б. [39, б. 52]

Әдіс дегенді тек білім алушымен ғана байланысты түсінбей, оның басты мазмұны ғылыми ізденістің өзіндік бір жолы екендігін танып, педагог ғалымдар дидактикадағы тиімді әдістерді саралап көрсетті. Мысалы: В.Оконь оқыту әдістерін былайша жіктейді:

1) репродуктивті сипатқа бағытталған танымдық қызметті қамтамасыз ететін әдістер тобы;

2) білім алушының өз бетімен білім ізденуі әдістер тобы, яғни проблемалық әдістер, олар проблеманы шешу барысында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға бағытталады;

3) білім алушыға көркем-эмоционалдық белсенділігін даамытатын әдістер тобы;

Білім алушының меңгерген білімдерін өздері қоршаған ортаны тани түсуге бағытталатын практикалық әдістер тобы. Білім алушыға қазақ тілі сабағында етістік шақтарын саналы білім беруді қамтамасыз ететін оқыту әдістерінің ең негізгілерінің бірі – байқау әдісі. Етістіктің шақтарын оқытқанда, байқау әдісі жақсы нәтиже беру үшін, мұғалімнің білім алушыларды байқауға дайындау жұмысы мына мәселелерді қамтиды:

1. Білім алушының байқайтын нәрсесін аңғара алу үшін, оның өткен материалдардан теориялық білімінің болуы:

2. Кейде байқайтынына қатысы бар кейбір деректерді алдын ала білдіру:

3. Нені, не үшін байқау керектігін алдын ала ескерту.

Сондықтан да мұғалім оқытудың байқау әдісіне қойылатын мына талаптарды білуге тиіс:

1) Білім алушының нені байқайтынын дұрыстап түсіндіру. Мәселен мұғалім тақтаға етістіктің түрлерін мысал жазғанда, етістіктің қай түрлерін келетінін байқап отыр деп тапсырма береді. Немесе соның көрнекті құралын тақтаға ілгенде, қызылмен жазылған объект нені көрсететінін байқауды тапсырылады;

2) Байқағанда, білім алушы назары алдымен не нәрсеге сонан кейін қайсысына аударылатынын айту, яғни байқаудың жоспары мен жүйесін үйрету.

3) Байқаудың мақсатын және оның пайдасын таныту. Мысалы: етістіктің шақтарын жазуда да сөйлеуде де дұрыс қолдана білу үшін, оның мағынасы мен формаларын білудің міндет екенін аңғару (келіп емес кел+іп, кел – а емес кел – е екенін дұрыс қолдана білу).

4) Байқалғандарынан ненің басты ненің қосымша фактор екенін аңғару.

5) Байқалған фактілернің негізінде дұрыс ой қорытындысын шығару.

6) Ой қорытындысының дұрыстығын байқаған фактілермен дәлелдеп беру.

Байқау уақыттық та, көп уақыттық та болып келеді. Аз уақыттық сабағында қазір онша көп орын алмайды. Қазақ тілі сабағында етістік шақтарын білім беруде ең тиімді байқау – аз уақытты байқау. Байқаудың тым ұзаққа созылғаны (3 – 4 сағатта бір ғана объектіні байқау) білім алушыларды жалықтырады. Соның салдарынан басқа сабақтарда олардың байқауға ықыласы болмайды. Сондықтан да етістікті оқытқанда, аз уақыттық байқау әдісі тиімді. Осындай талаптарға сай ұйымдастырылған, қолданылған байқау әдісі білім алушыларға тілдік фактілерді тануға, соның негізіндегі етістік жөнінде ереже (ой қорытындысын) айтуға және сол ережені фактілер арқылы берік, саналы түрде сақтауына, белсенділігін арттыруға, өздігінен жұмыс істеу қабілеті дамуға мүмкіндік жасайды Қазақ тілі сабағында етістіктен берілетін білімнің бәрі бірдей оқушылардың байқауы арқылы меңгеріле бермейді. Сондықтан да тілдік теориялық материалдар оқушыларға мұғалімнің түсіндіруі арқылы да меңгертіледі. Қазақ тілінде етістік шақтарын материалдарын мұғалімнің түсіндіруі дегеніміз – оның ұғымдары мен ережелерін логика заандарын басшылыққа ала отырып ғылыми тұғыда белгілі бір жүйемен білім алушыларға айтып беруі. Түсіндірудің негізгі өзіндік ерекшелігі – дәлелдеу. Мұғалімнің түсіндіруінде үнемі пайымдау, ой қорытындысын шығару, дәлелдеу дегендер болып отырады. Оқу материалдарын түсіндіруі бір – ақ ізбен жүрмейді. Ол түрленіп отырады [40, б. 5].

Солардың негізгі түрлері мыналар:

1. Бағдарлама мен оқулықтағы етістік шақтары туралы білімді түгел түсіндіру. Түсіндірудің бұл түрін әр мұғалім бұрыннан қолданып жүр.

2. Оқулық пен бағдарламада көрсетілген етістіктің шақтары туралы материалдардың ең негізгісі ғана мұғалімнің түсіндіруі. Бұлайша түсіндіргенде, ал қалғанын оқушылар мұғалімнің көмегімен меңгереді. Мәселен, мұғалім етістік пен зат есімді салыстырып олардың арасындағы айырым белгілерді түсіндіреді / етістік іс – қыймылды білдіреді, не істеді? Не істейді? Қайда? т.б сұрақтарға жауап береді, етістік шақтары тұлғасында тұрған сөзге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанса, заттанып келіп зат есім болса, есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары арқылы сын есім бола алады, немесе етістіктің есімше және көсемше категорияларын өткенде өзара салыстыруға болады (көсемшенің -а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғалары бар болса, есімшеде ар, -ер, -р, -ған, -ген, -қан, -кен, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек, -атын, -етін, -йтін, -йтын), ортақ белгілерін көрнекі құралға (венндияграмасын

қолдануға болады) сүйене отырып (екеуі де етістіктің категориясы екенін) оқушылардың өздігінен білуін талап етеді.

3. Білім алушыға бағыт беру. Мұғалім жаңа материалды өтерде оқушыларға тек бағыт береді. Содан кейін оқушылар көрнекі құралды пайдалана отырып, ол материалды өздері мен менгереді. Мысалы, түрленетінің айту талап етіледі. Білім алушылар бұрыннан белетін материалдарына сүйеніп, көрнекі құралдардың көмегімен жаңа материал жайында өз түсініктерін айтады. Мұғалім тек қана олардың айтқанын жүйеге келтіреді, толықтырады.

4. Білім алушының өздігінен түсінуі немесе түсіндіру. Мұғалім өтілетін тақырыпты хабарлайды да, көрнекілікті іледі. Сонан кейін оқушылар оны байқайды да, мұғалімнің жетекші сұрағынсыз-ақ өздері сол жайында сөйлейді. Екінші сөзбен айтқанда, мұғалім тыңдайды. Оқушылар жаңа материалды түсіндіреді, яғни олар өзінше қалай түсінетінін айтады. Түсіндірудің осылайша түрленіп отыруы оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын, белсенділігін арттырады. Әрі олардың ойлау қабілетін дамыту, сөз байлығын арттыруға көмектеседі, сөйлеуге, ойын рет-ретімен айта білуге үйренеді. Әңгіме әдісі – оқушыларға білім беруде қолданылатын көне әдістерінің бірі. Әңгіме әдісі бойынша оқушыларға оқу материалдарын меңгерткенде, мұғалім сыныпқа жетекші сұрақтар қояды. Оқушылар оған жауап қайтарады. Сөйтіп, мұғалім оқушылардың жауаптары арқылы меңгертеді. Сондықтан да кейбір әдіскерлер әңгіме әдісін сұрақ-жауап әдісі, кейбірі әңгімелесу әдісі деп те айтады.

Әңгіме әдісіне үнемі мұғалім сұрақ қоя бермейді, кейде оқушылар да сұрақ қояды. Әйтеуір сыныпқа қойылған сұрақтар әңгіме туғызуға себепші болды. Сол себепті бұл әдіс әңгіме әдісі деп аталынады.

Әңгіме әдісінің мәні мына төмендегідей:

1. Әңгіме әдісі білім алушыға етістік шақтарын дұрыс талдауды, олардың өзіндік ерекшелігін есте сақтай білуді үйретеді.

2. Әңгіме әдісі. Білім алушыларды етістік шақтарынан талданған жеке фактілерді жинақтап, ой қортындысын дұрыс шақыруға дағдыландырады.

3. Әңгіме әдісі. білім алушыны ұжым болып жұмыс істеуге үйретеді.

4. Әңгіме әдісі. білім алушыны ойлауға, тапқырлыққа дағдыландырып, қиялын шарықтатады.

5. Әңгіме әдісі. Әр білім алушыға оқу материалы, яғни етістіктің қаншалықты білетінің аңғаруға мүмкіндік жасайды.

Грамматикалық білім беруге қолданылатын әңгіме әдісі үш түрлі:

1. Хабарлайтын әңгіме;

2. Эвристикалық әңгіме;

3. Еске түсіретін әңгіме;

Хабарлайтын әңгіме дегеніміз -оқушылардың бұрыннан білетін білімі мен тәжірбиесіне және байқауына сүйене отырып, сұрақ -жауап арқылы мұғалімнің етістікті түсіндіруі.

Эвристикалық әңгіме сұрақ - жауап арқылы жаңа материалды оқушылардың өзіне меңгерту. Эвристикалық әңгімеде оқушылар етістікті, оған

тән қасиеттерді басқа сөз таптарымен салыстыра отырып, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін таниды, ой қорытындысын шығарады.

Еске түсіретін әңгіме дегеніміз - қайталау, жинақтау арқылы оқушылардың етістік шақтарына бұрыннан білетін білімдерін бір жүйеге келтіру және соларды практикада қолдану.

Шақтарды оқушылардың дағдысын қалыптастыру үшін жүргізетін жаттығулардың түрі өте көп. Сондықтан да мұғалім жаттығуға байланысты мыналарды білуге міндетті:

1. Белгілі бір жаттығуды не үшін орындайтына, оның қандайпайдасы барлығына түсінсе ғана оны саналы түрде орындайды. Саналы түрде орындалған жаттығулар ғанаткөсемшеден тиісті дағдыланған алуына көмектеседі.

2. Жаттығуды білім алушының қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс.

3. Жаттығу білім алушысы назарын өзіне тартатындай болуы керек.

4. Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы шарт.

5. Жаттығулардың түрлі-түрлі болып келуі.

6. Жаттығулар тек таяуда ғана өткізілетін материалдарға негізделмей, бұрынырақта өтілген кейбір материалдарды да, қамту керек.

7. Жаттығулар білім алушыдың уақытын алмауға тиіс.

8. Шығармашылық жаттығулардың көбірек болуы қажет.

9. Әр жаттығу үйренуші еңбегінен нәтижесін көрсетіп отыруға тиіс.

10. Белгілі бір жаттығуды орындау үшін, білім алушылардың сол жаттығуды орындаулық білімі болуы шарт. Жаттығулар осы талапқа сай болғанда білім алушылардың ғана дағдысын қалыптастыра алады.

Кітаппен жұмыс істеу әдісі сабақтың барлық кезеңінде қолданылады. Себебі шақтарды білім алушылардың тілдік құбылыстарды бақылауы арқылы немесе мұғалімнің сөзі арқылы ғана емес, басқа әдістер арқылы да меңгерілетіні белгілі.

Білім алушыға қазақ тілінде шақтардан білім мазмұнын игеруіне оқулық пен көмекші оқу құралдары, ғылыми көпшілік әдебиеттер, журнал мен газет материалдарының мәні зор. Мұғалімнің түсіндіруі мен жаттығу жұмыстары кітапқа сүйеткенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан да мұғалім білім алушыларға кітапты пайдалануды үнемі үйретіп отырады. Қазақ тілінен етістік шақтарын оқытқанда грамматикалық талдау ауызша да, жазбаша да жасатып отырылады. Дегенмен, талдаудың қай түрі жүргізілсе де, ол білім алушылардың көп уақытын алмауға, тек оларға шақтарды басқа категориялармен салыстыра отырып таныту немесе алу мақсатын көздеуге тиіс.

Өз бетімен ізденіп білім алу әдістеріне мына әдістер жатады:

1) дәстүрлі проблемалық әдіс;

2) кездейсоқтық әдіс;

3) ситуациялық әдіс;

4) білім алушылардың сабақ бере білу әдісі;

5) дидактикалық әдіс;

6) эвристикалық әдіс;

Дәстүрлі проблемалық әдістің құрлымы мынадай үлгіде келеді:

1) мұғалімнің проблемалық ситуация жасауы:

2) проблеманы жүйелеп таныстыру және оның шешімінің болжамын ұсынуы:

3) шешімнің болжамдарын тексеріп көру:

4) алынған шешімдер мен нәтижелерді бір жүйеге түсіріп оларды қолдану жолдарын анықтау:

Бұл әдістің ерекшелігі мынада: оқытудан гөрі білім алушылардың қызметіне зор мән беруі [40, б. 6].

Проблемалық әдістің ерекшелігі сонда – білім алушыларға шақтардың мазмұндағы мәлемет беріліп, соның себебін анықтау тапсырылады. Себебін анықтау барысында білім алушыларға қандай да бір сұрақтар туындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздің аналитикалық формасы мәселесі қазақ тілінің грамматикалық құрылысына кең тараған, ол-грамматикалық категориясы бар сөз таптарының бәріне қатысты өте кең мәселе. Күрделі етістіктің құрамында қаралып келген кейбір етістік категорияларының, соның ішінде аналитикалық формалы етістіктің түркологияда және қазақ тіл білімінде бар екені ғылымда дәлелденді. Оның күрделі етістіктен айырмасы анықталып, өз алдына бөлек қаралатын болды. Сөйтіп, бұрынғы күрделі етістіктер деген топқа өзгеріс енді.

Дегенмен аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістік сырттай ұқсас келіп жатады. Сондықтан тіл білімінде оларды көп жағдайда бір-бірімен шатастыру байқалады. Себебі кейде олардың құрылымдық ара жігін айқындау қиынға түседі. Сондықтан аналитикалық формалы етістікті күрделі етістіктен айыру үшін оларды салыстыра қарастырған жөн. Күрделі етістік пен аналитикалық формалы етістіктің, ең алдымен, олардың сыртқы құрылымының екі сыңардан тұратыны жағынан бір-біріне сәйкес келетінін білеміз. Аналитикалық формалы етістіктер мен күрделі етістіктер аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанымен, аналитикалық формалы етістіктер грамматикалық құбылысқа, күрделі етістіктер сөзжасамға жатады.

Соңғы кезеңге дейін күрделі етістік деген жалпы атпен шын мәніндегі күрделі етістіктермен бірге аналитикалық формалы етістіктер (*келе сал, айта бер, өте бер, келе бер, жүріп отыр, келе жатыр, көріп тұр*) сияқты етістіктер де жатқызылып келді. Тіл білімінде көп зерттеліп, жан-жақты қаралып жүрген осы мәселе жөнінде ғалымдардың пікірі ұдайы бір арнада тоғыса бермейді [41, б. 45].

Тілдегі ұқсас құбылыстарды бір-бірінен айыру үшін осы пікірдің дұрыс екенін тілдік фактілер дәлелдей түседі. Күрделі етістіктер күрделі бір қимыл, бір ұғым, біртұтас лексикалық тұлғаға ауысудан қалыптасқан. Етістіктің мұндай лексикалық тұлғаларының (единица) өзінің жасалу жолы бар. Мұндағы сөз жасауға тірек болатын - етістіктің мағыналы екі сыңары. Күрделі етістік құрамындағы сыңарлар лексикалық мағынаның жасалуына бірдей қатысады, бір сөз қызметін атқарады. Ал аналитикалық формалы етістікте бұндай қасиет жоқ. Аналитикалық формалы етістіктің екінші сыңары грамматикалық мағына береді. Негізгі мағына бірінші сыңарда болады.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер қай сөз табына жататынына қарамастан, олардың бәріне де бірдей принциптер қойылады және күрделі сөздің принциптерін барлық тілдерге ортақ сипат деп қарауға болады. Өйткені күрделі сөздердің ішкі сыңарларының байланысу тәсілінде кездесетін аздаған өзгешелік болмаса, күрделі сөздің жасалуына қатысты негізгі теориялар - түрлі тілдерге ортақ әмбебап қағидалар. Олай болса, күрделі етістіктерді талдағанда, зерттегенде, оларға да жалпы күрделі сөздің теориясы тұрғысынан қарау керек. Себебі күрделі етістіктің басқа сөз таптарының күрделі сөздерінің жасалуының негізгі принциптеріне бағынбай, мүлдем басқаша жолмен жасалуы мүмкін емес.

Қорытындылап айтқанда, қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын меңгертудегі кездесетін қиындықтарды анықтау арқылы, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылды. Ол екі бағытта айқындалды. Аналитикалық формалы етістіктерді ажырата алу; аналитикалық формалы етістіктердің мағыналық жағынан дұрыс түсіну және ажырата алу. Осыған байланысты тұтастай алғанда, екі мәселені практикалық тұрғыдан игертудегі тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылды. Сабақ барысында кейс-стади, деңгейлеп оқыту әдістерін қолдану, оқушылардың морфологиялық талдау жасау қабілеттері, ситуациялық жағдаяттарды талқылаудағы шығармашылық-танымдық артықшылықтар мен нәтижелері ұсынылды. Ұсынылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау үшін практикалық сабақтар мен әртүрлі ой сергектер, психологиялық ахуал тудырушы тапсырмалар беріліп, нәтижелері талданды. Бақылау барысында оқушылардың аталған әдістердің кейбір тұстарында жиі жіберетін қателіктері мен кемшіліктері анықталып, олармен күресу жолдары қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары, Алматы, 1971. – 27-39б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл. №5 Білім және кәсіби машық заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары.
3. Немов Р.С. Психология. – Москва. 1998. Т.2. -346 с.
4. Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке. Алматы, 1971.
5. Қасбаева Г.С. Мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта оқыту жолдары «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде» 2008, № 5, – 17-22 б.
6. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
7. Хамитова Х.Ж. Жаңа технологияны қолдану жолдары. – Алматы: Атамұра, 2011ж.
8. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2008.
9. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. М.,1965, 275 с.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010.
11. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. Алматы, 1967.
12. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, Рауан, 1998, 302 б.
13. Қарымбаева К.М. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Тараз, 2008.
14. Кауашев С.К. Білім берудегі жаңа мазмұн: жаңа технологиялық әдістерді пайдаланудың тиімділігі. Педагогика мәселелері. – 2012. №2. – 3-9 б.
15. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы: 1981- 247б.
16. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Астана, 2011ж.
17. Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс-тәсілдері <http://www.martebe.kz> 12.05.2019
18. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы. 2009ж. – 263б.
19. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: «Мектеп», 1988, 322б.
20. Леонтьев А.А. Психология общения. 3-изд. испр. и доп. М. Смысл: 1999. с.365
21. Жұмажанова Т.Қ . Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Білім, 2009. - 288 бет.
22. Занков Л.В. Обучение и развитие. М. 1975г. с.440.
23. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Астана. 2014ж. 12б.

24. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. - Қарағанды, 2008ж., 24-25б.
25. <https://ru.citaty.net/avtory/lao-tszy/> Лао-цзы цитаты. 4.06.2020ж.
26. Жаңа технологияларды оқытудың тиімді жолдары // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №11/2011ж.
27. Молдағалиев Б., Махимова А., Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. Қазақстан мектебі – 2006., №9, 15б.
28. Нұрбаева Д. Мектепте оқу үрдісін жетілдіру мақсатында оқушы білімін формативті бағалауда коучтің әсері. «Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана. 2016ж. 27-28 қазан. 30б.
29. Сұлтанова Ғ., Сатқаева З. «Жаңаша оқыту – заман талабы», Алматы: «Педагогикалық шеберлік» оқу-әдістемелік құралы, 2010ж. 17б.
30. «Білім беру мен білім алуудағы жаңа тәсілдер». «Қазақстан мектебі» журналы, №3, 2012ж. 54б.
31. Жоранова Н.Ж., Төреханова Г.И. Интерактивті әдістің білім беру жүйесіндегі негізгі аспектілері. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Қазақстанның тұрақты дамуының кепілі: халықаралық ғыл.-тәжір.конф.материалдары. -Тараз: Сенім, 2010 – 504б.
32. Маденова Л.М. Жоғары сынып оқушыларында топтық оқыту арқылы танымдық белсенділігін қалыптастыру. Оқу құралы, Орал: М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ баспасы, 2013. - 69б.
33. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2012ж., 335б.
34. Қажиақпарова Ж.С. Студенттердің өзіндік жұмысында электронды оқу құралдарын пайдалану. М.Өтемісов атын. Батыс Қазақстан мем. Ун-нің хабаршысы – 2011. №2, - 145-148бб.
35. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы: Атлас, 2006ж. 174б.
36. Жайлауова М.К. Мектепте интербелсенді оқытудың формалары мен әдістері. Молодой ученый. – 2015. - №8.с. 25. – URL <https://moluch.ru/archive/88/17452/> (дата обращения: 1.06.2020).
37. Байжуманова Н.С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім әлемінде. №5, 2015ж. -59б.
38. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», 2- негізгі деңгей, 3-басылым. – Астана, 2012ж. 45б.
39. <https://moluch.ru/archive/88/17452/> 4.06.2020.
40. Смағұлова Ж.Е. Интерактивті әдіс. Алматы, 2006ж. 152б.
41. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2012. 53б.
42. Наркұлова Б. Қазақ тілі сабағында ойындарды қолдану әдістемесі // пед.ғыл.канд. дис./ -Алматы: 2006, 172б.

43. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар». Тараз. 2003ж.55б.
44. Выготский Л.С. Педагогическая психология // Психология: классические труды. М:1996г. с.506
45. Чемвей Б., Кибос Дж.К., Илиева Э. Перемена. Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 6 том , №44, октябрь, 2006. - с.34.
46. Мухтарова А.К., Булутаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С. Методическое пособие для тренера. Программа «Street law». Сост.– Алматы: Фонд «XXI век», 2001. – с.153.
47. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения педагогике. -Минск., 2000. С. 95
48. Загурская Е.Л. Использование активных форм и методов обучения в работе с младшими школьниками. -Мозырь: 2006. - с. 58
49. Педагогические мастерские. Франция – Россия / под ред. Соколовой Э.С. М: Новая школа, 1997. - с.124.
50. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика, 2006. С-192.
51. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші ілгері деңгей, 2015 ж., 88б.